



26021

Т. КАЖЫБАЕВ

**КӨКШЕТАУ
ҚАРЛЫҒАШТАРЫ**

Т. ҚАЖЫБАЕВ

КӨКШЕТАУ
ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

•

АЛМАТЫ «МЕКТЕП» 1982

74.213.18
515

Т. Қажыбаевтың бұл кітапшасында республикамызда алғаш рет Көкшетау облысы мектептерінде құрылған оқушылардың өндірістік бригадаларының өнегелі іс-тәжірибелері баяндалады. Оқушылардың мектеп қабырғасында жүріп-ақ еңбекке үйреніп, ауыл шаруашылығының білікті маманы болып шығу мәселелері жайында кенінен сөз болады.

К 60501—128 262—82 4306000000
404(07)—82

© Издательство «Мектеп» 1982

Тулеген Қажыбаев

УЧЕНИЧЕСКИЕ ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ БРИГАДЫ

(На казахском языке)

Редактор *К. Нурмаханова.*
Хул. редактор *К. Бекенов.*
Тех. редактор *К. Сулейменов.*
Корректор *Г. Аубакирова.*

ИБ № 2040

Сдано в набор 7.09.82. Подписано к печати 2.11.82. УГ12174.
Формат 84×108^{1/2}. Бум. тип. № 2. Литературная гарнитура. Печать высокая.
Печ. л. 1,5. Усл. п. л. 2,52. Уч.-изд. л. 2,609. Тираж 3000 экз.
Заказ № 5022. Цена 10 коп.

Издательство «Мектеп» Государственного комитета КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Типография оперативной и билетно-бланочной продукции производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 15/1.

026021

АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҚТАР

Егер сіз өзіңізге лайықты еңбекті таба білсеңіз және оған жан-тәлі-нізді салсаңыз, сізді бақыттың өзі-ақ іздеп табады.

К. Ушинский.

Тың және тыңайған жерге жаппай аттаныстың алғашқы қадамдары бұл кезде барынша бауыр жаза көсіліп, қарыс күйқалы құнарлы өңірдің көңіл жетпесе көз жетпес ұлан-ғайыр кеңістігін бұрын-соңды болмаған қуатты дүбір — еңбек дүбірі кернеп бара жатқан шақ болатын. Партия мен үкіметіміздің аграрлық саясатының салтанатты жеңісіндей болып күн сәулетті Қазақстан даласы тарихта тұңғыш рет миллиард пұттық өлшеммен өрісктелген алып астық тауын тұрғызып, бар әлемге тыңға шабуылдың дұрыстығын, тың төсінде тоғысқан ұлттар достығының қуаттылығын, байырғы қазақ даласының жомарттығын паш етіп үлгерген-ді.

Тың даланың бергенінен берері көптігін шүбәсыз ұққан жер тамыршысы — диқан қауымының сол жылдардағы құлшыныстары тым ерен де ерекше болатын. Кең дала төсіне орнаған ақ шатырлар орнына ақ шапқан әсем үйлер бой көтеріп, қағылған қазық орындарында жаңа совхоздар, айта берсек тұтастай жаңа аудандар пайда болып жатты.

Осынау ұлы еңбектің ерен де еңселі қуаты Арықбалық ауданындағы байырғы колхоз, совхоздардың да шаруашылықтарына шапағатты әсерін, экономикасын нығайта түсуге игілікті ықпалын тигізбей қалған жоқ.

Машина-трактор парктері түбірінен қайыра жанарып, тусырап жатқан жалпақ өңір пұшпағына болат түрендердің ырыздық тиегін ағытқан тісі тиді. Ондаған мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілді, алдағы күндерде игерілмегі одан да көп, атқарылмақ жұмыс одан да ауқымды еді.

Осы тұста адам күшінің аздығы ойға алған ұлан-ғайыр істерді түбегейлі жүзеге асыруда қол байлау болатындығы

да бой тастап қалып еді. Бұл жай қай шаруашылықтың болсын басшысын тұйыққа тіреген, қалай болғанда да күрмеуі күрделі, шешуі қиын мәселенің алды орай бергендігі ақиқат болатын. Бұл — Арықбалық ауданының көптеген шаруашылықтарының да басынан кешірген құбылыс.

Арықбалық орта мектебінің сол жылдардағы директоры Дмитрий Яковлевич Переминов совхоз партбюросының мүшесі болғандықтан да шаруашылықтың өзекті проблемаларын талқыласудан бірде-бір рет шет қалып көрмегенді. Кезекті бір партбюро отырысында мектеп оқушыларынан болашақ механизатор мен бағбанды, малшы мен орманшыны неге даярламасқа деген өз ойын айтып та еді.

Құлаққа тосын естілген бұл ұсыныс бір ауызды қолдау мен қуаттауға ие бола қалмады. Күдіктенушілер, бұғанасы бекімеген балғын жастарды ауыл шаруашылығының ауыр учаскесіне жібермек түгілі техника маңына жолатуға болмайды деген үзілді-кесілді пікірлер де кейбір партбюро мүшелерінің аузынан естіліп те қалды. Партком секретары дуылдасқан көпшіліктің әр тарапқа бұра тартқан пікірлерін тындап, ойша толғай келіп:

— Дмитрий Яковлевичтің пікірі қазір әрі тосын, әрі жүзеге асуға қиын міндеттей көрінуі де заңды болар. Алайда совхоздың бүгінгі даму мүмкіндіктері мен келешектегі өсіп-өркендеу көкжиегіне көз жіберсек, атқарылар іс те, өндірілмек өнім де өсе түспек, өркендей түспек. Сондықтан туған селомызда өзіміздің көз алдымызда өскен төл тума кадрымыз болсын десек, мектеп директорының пікіріне қосылуға әбден болады. Және мұны совхоз болып қолдау керек, тиісті көмек берген мақұл. Болашақ жастардікі, оларды осы бастан еңбекке баулу біздердің — әкелері мен ағаларының азаматтық парызы емес пе,— деп түйіндеген.— Ендігі мәселе сіздің өз инициативаңыз бен іскерлігіңізде, Дмитрий Яковлевич! Іске сәт, қолдан келер жәрдем болса аянып қалмаспыз.

Дмитрий Яковлевич сол бір естен кетпес 1958 жылдың жаз айын әлі де ұмытпапты. Қайдан ұмытсын. Сол жылы Ставрополь өлкесіне арнайы барып қайтқан. Орталық басылымдардың бірінен бұл өлкедегі орта мектептердің жанынан оқушылардың өндірістік бригадалары құрылып, ауыл шаруашылығы өндірісіне қоян-қолтық араласып, тамаша еңбек табыстарына жетіп отырғандығын оқып іштей сүйсінгені бар. Шіркін-ай, солардың жұмыс тәжірибесімен танысып, өзімізде де өркенді іске өріс берсе ғой деген ізгі арманда жүретін.

Енді міне, сол армандаған өлкеде, оның ондаған мектептерін аралап, өндірістік бригадалардың жұмыс тәжірибесімен жан-жақты танысып қайтқан жайы бар. Несі бар, ондай бригадаларды Арықбалық ауданының кез келген орта мектебі жанынан ұйымдастыруға әбден болады. Тек ынта, істе қолдаушы керек.

Мектеп жанынан құрамында жеті ғана мүшесі бар овощ өсірушілер звеносы құрылды. Звенонь жұмыс ауқымы алғашқы сәттерде онша көлемді де емес еді. Жер учаскесі шағын, онда өсірілетін овощ түрлері де саусақпен санарлықтай болатын. Әйтсе де оқушылардың еңбекке деген құштарлығы мен ықыласы мектеп директорын бейтарап қалдырмады. Әрбір атызды баптап-күтіп, күнде бәйек болып жүргендері. Қара топырақты атыз бойымен тізіле көктеп, қылтныса қалған көкөніс өскіндерін көргендегі сәби жүректердің қуанғанын айтсаңызшы.

Иә, бұл бір қуанышты шақтарға толы қызықты кезеңдер еді.

Мектеп мұғалімдері де жиі-жиі звено карауындағы учаскеге келгіштеп, шәкірттер мақтапышына айналған жасыл желегі күн санап, сағат санап бой түзей бастаған атыздар бойына сүйсіне көз тастайтын. Тындырымды жастардың тынымсыз еңбектеріне сырттай сүйсініп, іштей қуанысатын. Бірақ сол кезде олардың бір де біреуі алақандай атызды алаңқайдап басталған осы бір шағын тоқтың болмашы еңбегі ұзақ жылдардың ағысымен ілесіп, алға озған сайын арнасын кеңейткен адуынды өзенге айналып, аудан, облыс, республика, Одақ көлеміне мәлім болар өрісті де жемісті зор еңбекке барып ұласарын сезінбеген де шығар. Бірақ мектептің педагогикалық коллективі, олардың алғашқы еңбек қарлығаштары айдынды көт, алып теңіздер басы шағын ғана бұлақтан басталатындығына шүбәсыз сенімді еді. Сол сенім, сол үміт оларды жана белестерге, жарқын ізденістерге жетелейді.

1960 жыл, яғни звено өмірге келгеннен кейінгі екінші жылы бұл еңбек коллективінің өмірінде үлкен өзгерістер, игілікті нышандар байқала бастады. Мектеп іргесінен басталған шағын овощтық учаске ендігі жерде оқушылардың кең көлемді еңбек етуіне мүлдем тарлық ете бастаған болатын. Өйткені «звено қатарына алыңыз, мен де өз күшімді еңбекте сынап көргім келеді» деген өтініштерімен келген оқушылар Дмитрий Яковлевичтің кабинетінің алдын босатпай қойды.

Бірде мынадай бір оқиға болды. Оқуда самарқау, мектептің қоғамдық жұмыстарынан бойын аулаққа салып, мүлдем алшақ жүрегін Сережа атты оқушы да мектеп директорының оңаша қалған сәтін аңдып тұрып кабинетке енді.

— Иә, төрлет, Сережа. Нендей шаруамен келдің?— деді директор оқушының имене төменшектей берген жана-рышан әлдеқандай кобалжудың сырын аңдап.

— Сізге өтінішпен...

— Кәне, кәне, қандай өтініш? Біз де танысып көрелік. Дмитрий Яковлевич оқушының имене ұсынған өтініш қа-газын шолып шығып езу тартты.

— Звеноға сенің де мүше болғың келеді екен ғой. Ал біз оған тек оқуда озаттарды ғана алатынымызды білмеуші ме едің?

— Білем. Әйтсе де алсаңыз екен.

— Себеп?

— Себебі әкем жұмыстан келген сайын «сен арамтамақ-сын, не оқуда, не жұмыста қырың жоқ берекесізсің» деп ұрсады. Әкеме тым болмаса жұмыста берекесіз еместігімді көрсеткім келіп еді.

— Е, мынауың адал сырың болса құлақ қоярлық әңгіме екен. Мен сені осы уақытқа дейін басқаша түсініп келіп едім. Жүрегінде намыс бар екен. Звеноға алайық, ал оқу жағы қалай болады?

— Оған да жанымды саламын ғой. Тек оқу озаты Андрей көмек көрсетсе...

— Айтқаның болсын, Сережа. Класс жетекшіне ес-кертейік. Ал енді звено мүшесі болуыңмен шын жүректен құттықтауыма рұқсат ет! Еңбегің жемісті болсын!

Ұстаз бен шәкірт арасындағы осы бір шағын әңгіме еңбек баспалдағына жол ашқан алғашқы игілікті шара-ның болашақ табыстарға бастар өркенді өрісімен сабақ-тас еді. Өйткені шәкірт еңбек деген ұлы күштің қуатты сырын барынша ұғынып, сергек сезінбесе де оның шапа-ғатты шуаққа толы сырларын суыртпақтай ұғынуға ұмты-лыста болатын. Оны ұлағатты ұстаз жүрегі айна қатесіз ұғынды. Еңбек деп ентелеп тұрған жас жүрекке оң сапар тілеп, жол болсын айтуы да содан болар.

Өзінің осыдан екі жыл бұрын құрған шағын звеносы-ның жыл санап ұлғая түсетінін намыс жетегіндегі Сережа сияқты сандаған шәкірттердің болашақ өндірістік брига-даның негізін қалайтынын және оларға нендей жұмысты

болсын сеніп тапсыруға болатынын мектеп директоры танып білген еді.

Дмитрий Яковлевич қателеспепті. Шағын звено сол 1960 жылы өз алдына жеке бригада болып құрылды. Ендігі жерде оған ондаған гектарға жетерлік жұмыс алаңы, күрек пен тырманы алмастырар ауыл шаруашылығының қуатты да күрделі техникалары керек болды.

Мектеп директоры бригаданың бірнеше белсенді мүшелерін ертіп совхоз кеңсесіне келді. Директордың бөлмесінде партком секретары бастаған бір топ мамандар отыр екен.

— Ә, Дмитрий Яковлевич, кел, кел, төрлет,— деген совхоз директоры Дмитрий Яковлевичті әдеттегісіндей жарқын жүзбен қарсы алды.— Естіп жатырмын, өткен жылғы звеноларын қап-қап картоп пен бірнеше центнер капустаны совхоз қоймасына өткізгеннен-ақ Дмитрий Яковлевичтің бастамасы енді бірер жылда мектеп жанындағы шағын жұмыс учаскесінен совхоздың астықты алқабына шығар-ау деп ойлап едім. Мына келістерің сол жорамалдың дұрыстығын дәлелдегендей екен,— деп риясыз күлді.

— Солайы солай ғой. Оқушылар ендігі жерде өндірілетін өнімді қаппен емес, центнерлеп, тонналап өлшесек дейді. Звено ұлғайып бүтін бір бригадаға айналып отыр. Бригада қатарына жазылушылар әлі де көп. Енді бізге кәдімгідей көлемді жер мен қуатты техника керек. Қыс бойы бірнеше оқушы тракторлық курсқа қатысып жуырда сынақтан да өтті. Оларға мүмкіндік болса игеруге жеңіл «Беларусь» тракторын сеніп тапсыруға да болады,— деді Дмитрий Яковлевич.— Мына балалардың бәрі де трактор берсе ұршықша үйірет едік деп отыр. Солай ма, балалар?

— Солай, ағай, солай,— дескен балалар қызарактасып қалды. Сол жолы оқушылардың өндірістік бригадасы алғаш рет совхоз бен еңбек шартын жасасты. Ал совхоз тарапынан бригада мүшелеріне қажетті жер учаскесі, техника түрлері бөлініп берілді.

Өмірдің өз талабынан туған осынау игілікті іс өркенді жеңістерге жол ашты. Өз алдына толыққанды бригада болып құрылған еңбек коллективі совхоздан бөлінген тұрақты жер учаскесінде көгілдір көктемде дән сеуіп, жарқын жаз айларында баптап-күтіп, қоңыраулы қоңыр күзде диқандармен бірге алтын ораққа қатысу мүмкіндігіне ие болды. Ондаған өрендер орақ қорытындысында әкелері мен ағаларының қатарында тұрып, озаттарға көрсетілер

лайықты құрметке, берілер бағалы сыйлықтарға не бола бастады.

Орта мектепті бітіргендердің алғашқы легі туған село-сында қалып, еңбек етуге ниет білдірді. Сөйтіп, аға механизаторлардың қатарына барып қосыла бастады. Мектепте, оның өндірістік бригадаларында жүріп жинақтаған тәжірибелер мен білімдерін еңбектің қайнаған ортасында сарапқа салып сынаққа түсуге тура келді. Ендігі жерде бұл лек совхоздың өз ішінде комсомол-жастардың жеке бригадасын құруға кірісті. Бір өңкей жастардан құрылған еңбек коллективі өздерін қоғамдық жұмыста белсенді, тапсырылған істе тиянақтылықтарымен көзге түсіп келеді. Қазіргі күнде «Арықбалық» совхозының бұл бригадасының айтулы еңбектері орақтың шешуші шақтарында жарқын істерімен көзге түсіп жүр. Ал оның Дмитрий Дмитриевич Паксуткин, Александр Александрович Шарипов сияқты өкілдері қазіргі байырғы диқандардың тобынан табылып отыр. Олардың еңбектері Отанымыздың жоғары наградаларымен бірнеше рет аталып өтті. Дмитрий Дмитриевич Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерімен наградалса, Александр Александрович Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне барып, сондай-ақ «Аврора» крейсерінің қасында өзі сияқты бір топ жас еңбек озаттарымен бірге ескерткіш суретке түсу құрметіне не болды.

Міне, осыдан ширек ғасырға жуық бұрын еңбектің айдынына қарлығаштай қанат қаққан өндірістік бригаданың кейбір мүшелерінің қол жеткен табыстары осындай.

Ал осы бригаданың құрылғаннан бергі тыңдырған жұмыс ауқымына көз жүгіртіп, көңіл таразысына тартар болсақ, ауыз толтырып айта аларлықтай көлемді жұмыстардың атқарылғандығы айқындала түседі. Жыл сайынғы тындырылған жарқын істердің қорытындысын ой сарабына салсақ, балғындар еңбегінің базарлы қызыққа толы жарқын шақтарын былай қойғанда, тәрбиелік мән-мағынасының өзі елеулі екендігі шексіз қуанышқа бөлейді.

Оқушылардың өндірістік бригадасы құрылып жұмыс істей бастағаннан бері 1,5 мыңға жуық механизатор кадрлары даярланған екен. Сондай-ақ 1700-ден астам оқушы осы бригадadan еңбек тәрбиесінің тәлімін алып, шындалып шықты. Бригаданың 215 түлегі туған совхозы — Арықбалықта қалып механизатор, малшы, құрылысшы, бау-бақша өсіруші бағбан, орманшы болып абыройлы еңбек етуде. «Арықбалық» совхозының парткомы, әкімшілік органының

арнайы жолдамасымен ауыл шаруашылық институтына түскен 27 адамның 10-ы оқуды табысты аяқтап, совхозға қайтып оралды. Олардың бәрі де алған мамандықтары бойынша совхоздың ауыл шаруашылығын өркендетуге лайықты үлестерін қосуда. 1958 жылы құрамында жеті ғана оқушысы бар овощ өсірушілердің шағын звеносынан қол еңбегінің алғашқы әліппесімен танысқан сол кездегі шәкірттер бұл күнде жоғары білімді агроном, зоотехник, мал дәрігері, инженер мамандықтарын игеріп, жылдар бойы жинақталған еңбек тәжірибесін практикалық істе жүзеге асыруда. Осылардың қатарына кәсіптік-техникалық училищелерді бітіріп туған селосында механизатор-диқан, автомобиль жүргізуші болып еңбек етіп жүрген ондаған еңбек өрендерін қоссақ, бір кездегі Дмитрий Яковлевичтің ізгі бастамасының алғашқы соқпақтары арнасы кең ағынды өзенге барып қосылғанын сүйсініспен еске алар едік.

Жоғарыда маман кадрлардың білім алып шыққан өмір жолдарын цифр тілімен сөйлескендей болдық. Осынау цифрлар тасасында ондаған шәкірттің өмірлік жолын айқындап берген тағдыры, еңбекке деген құштарлығы, өзін өсірген, тәрбиелеген мектеп, оның барша коллективіне деген ыстық ықыласқа толы жүрек алғысы бар. Осынау цифрлар тасасында ондаған еңбек адамының болашақ өмірін туған жермен, өскен ортамен берік байланыстырған кәсіби мамандық, өз ісіне сүйсіне берілген зор құштарлық бар.

Өндірістік бригаданың ұзақ жылдар бойы өсіп-өркендеу жолдарын көз алдымызға елестете отырып, қол жеткен еңбек табыстарын да тілге тиек етудің реті бар. Өйткені өркенді іс қашанда қол жеткен табыстармен дараланады. жемісті нәтижелермен бағаланады емес пе.

Әріге бармай-ақ коллективтің жиырма жыл ішінде тындырған еңбегін цифр тілімен сөйлетіп көрейікші. Өндірістік бригаданың жас диқандары мен бағбандары, овощ өсірушілері сүйікті Отанымызға 149057 центнер алтын дән, 380398 центнер картоп тапсырыпты. Совхоздың қоғамдық малы үшін ғана 131491 центнер сүрлемдік көкбалауса орып ұраға құйған. Осынау жас диқандар мен жүгері өсірушілерден мал шаруашылығында еңбек еткен оқушылардың да табыстары осал емес. Олар 1551 бас жас төлді бағып, аман-сау қатарға қосты.

Міне, өз ісіне шын берілген, адал еңбектің алар асуы биік екендігін ұғынған шәкірттер тындырған жұмыс нәтижесі осындай ауқымды цифрлар шоғырымен тұжырымдалады.

Бұл өнегелі коллективтің алдағы алар еңбек белестерінің бұдан да биік, атқарар игілікті істерінің бұдан да көлемді бола беретіндігіне шексіз сенесің. Өйткені бұл коллективте қалыптасқан еңбек дәстүрі, ұлағатты тәрбие, өзіндік өмір соқпақтары бар.

Егіншілікпен шұғылдану жыл сайын техника тілін жетік білуге, оны өндіріске батыл енгізуге шақырады. Сондықтан да уақыт талабынан туындап отырған осынау маңызды міндеттер шәкірттерге еңбек сабағын жаңаша ұйымдастыруды талап етуде. Мектептің педагогикалық коллективі 9—10-класс оқушыларының еңбек сабақтарының программасына агротехника мен ауыл шаруашылығы механизациясы негіздерін оқытып үйретуді енгізіп отыр. Бұл жұмыстың сапалы жүргізілуі үшін тағы да совхоздың жоғары білімді маман кадрлары көмекке келуде. Совхоздың бас агрономы мен инженері, бас мал дәрігері мен зоотехнигі, экономисі оқушылардың практикалық сабақтарына қатысып, нақтылы ақыл-кеңестерін беріп отырады. Еңбек сабақтарының программасына сәйкес өздері де арнайы сабақтар өткізеді. Теориялық алған білім жазғы демалыс айларында практикалық жұмыспен, яғни ауыл шаруашылығы техникаларында жұмыс істеумен нығайтылып, тереңдей түседі. Оқушылардың алған білімдерін еңбекпен тығыз ұштастыра жүргізу олардың кәсіби шеберліктерін жетілдіруге, болашақта механизатор мамандығын жан-жақты игеріп шығуына зор ықпал етеді.

1973 жылы Арықбалық орта мектебінің жанындағы оқушылардың өндірістік бригадасы комплексті жүйеге көшірілді. Бұл ендігі жерде бригада мүшелері тек егіншілікпен ғана айналысып қоймайды, сонымен бірге ауыл шаруашылығының басқа да салаларымен жан-жақты жұмыстар жүргізуге жол ашып, кең мүмкіндіктер тудырды.

Совхоз өз күшімен кезінде өндірістік бригада үшін дала қосын салып берген болатын. Енді осы араға төбесінде жаппасы бар қоршау шарбақ тұрғызылды. Бұл арада бұзаулар күтіліп бағылатын болды. Балалардың күшімен жас төлге арналған бұл қора-жайға жемшөп салынатын астаушалар орнатылды, автосуарғыштар тартылды. Бесінші еңбек тоқсанын осы арада өткізетін бригаданың қыз балаларында тыным жоқ. Олар бұзауды жайып, кезінде суару, қосымша жем беріп, қоныр күзге дейін әрбір бұзаудың тәуліктік салмақ қосуын 750—800 грамнан төмендетпейді. Бұл көрсеткіш шаруашылықтың байырғы төл күту-

шөлдерінің қол жеткізіп жүрген табыстарымен талас алады.

Бригадада жас құрылысшылар, овощ өсірушілер, орманшылар, бағбаншылар звенолары өз алдына отау бөліп шығып отыр. Бұлардың да совхоз шаруашылығына қосып отырған үлесі ұшан-теңіз.

Әр саладағы звенолардың басын біріктіріп отырған бригада бұл күнде 500-ден астам мектеп оқушысын қамтыған. Бұлар, сайып келгенде, ауыл шаруашылығының аса күрделі міндеттерін шешуде іскерлік, жоғары ұйымшылдық танытып отырған, бір мақсат төңірегіне берік топтасқан қуатты тұтас организмге айналған беделді коллектив.

Бригадада өнімді еңбек етуге және мәдени демалыс үшін барлық мүмкіндіктер тудырылып отыр. Бригада игілігіне берілген дала қосын шағын қалашық деуге болады. Мұнда монша, қызыл мүйіз, асхана, жатақхана вагоншалары бар. Демалыс бөлмесінен оқушылар теледидар көріп, радио хабарларын тыңдай алады. Стол үсті ойындары: шахмат, дойбы ойнайды. Оқушылардың өз қолдарымен жасалған футбол, волейбол алаңдары бар. Баспасөз жаңалықтары, газет-журнал, әдеби, ғылыми, ауыл шаруашылығына қатысты шығармалар жылжымалы кітапхана қорынан берік орын алған. Мұндағы жүргізілетін әрбір мәдени шаралар, басқа да қоғамдық жұмыстар алдын ала белгіленген кесте бойынша жүзеге асырылады. Ал бұл шаралар оқу жылы басталған күннің ертеңінде-ақ мектеп бойынша жүргізілетін мәдени-көпшілік жұмыс жоспарында бекітіледі. Жоспарды бекітіп талқылау, өндірістік бригада мүшелерінің тікелей қатысуымен және олардың талап-тілектерін басшылыққа алумен жүзеге асырылады.

Бригада өзін-өзі басқарады. Мұнда бригада советі жұмыс істейді. Совет құрамында бригада, звено жетекшілерінің белді өкілдері бар. Сондай-ақ мектептің комсомол комитеті, агротехника және механизация негіздері жөніндегі нұсқаушылар, тәрбиеші педагогтар бригаданың ағымдағы және жалпы жұмысына басшылық жасап отырады. Бұлайша басқару оқушылар арасындағы жалпы тәртіп пен еңбек тәрбиесін берік сақтауға әрі ұштастыра жүргізуге ықпал етеді. Сондай-ақ өз жұмыс учаскесіндегі міндеттерді жете түсінуге, жұмысты жіті де ширақ жүргізуге, коллективтік еңбектің мән-мағынасын сергек сезінуге жол ашады.

Бригаданың өз гимні, өз туы және өз эмблемасы бар. 1958 жылы өмірге келіп еңбектің биік қиясына құлшы-

на қанат қакқан жас қауым өздерінің алғашқы қадамдарынан-ақ қолға алған істе тындырымдылығымен, тиянақтылығымен, іскерліктерімен көзге түскен еді. Осыған орай бұл коллективке лайықты құрмет көрсетіліп, оның ондаған мүшелері абыройға ие болып отыр. Мәселен, 1963 жылы Москвада өткен оқушылардың Бүкілодақтық слетінде осы өндірістік бригаданың жетекшісі Геннадий Шуховцев Қызыл ту алып жүру құрметіне ие болды. Ал 1970 жылы Бүкілодақтық слетте бірінші дәрежелі бәйге алған жас өрендер коллективіне ВЛКСМ Орталық Комитеті автобус машинасын сыйға тартты. Аудандық, облыстық, республикалық байқаулар мен жарыстарда жеңіп алған жұлделі сыйлықтар, бригада мүшелеріне берілген грамоталар мен дипломдар өз алдына бір төбе.

1979 жыл Арықбалық орта мектебі жанындағы өндірістік бригада мүшелерінің ұзақ уақыттар бойы есте сақтап жүретін ұмытылмас жылы. Тап осы жылы ауыл шаруашылығы өндірісінде қол жеткен тамаша табыстары, жастарды еңбекке тәрбиелеудегі игілікті істері үшін коллектив Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Бұл облыс көлемінде жас буынды еңбекке тәрбиелеу жолындағы атқарылып жатқан кең көлемді жұмысқа, игілікті істерге, ондаған, жүздеген педагогикалық коллективтердің бұл бағытта жүргізген елеулі қызметіне берілген баға болатын. Бұл жоғары награда, сөз жоқ, Арықбалық орта мектебі жанындағы өндірістік бригадасының жұмысы, оның әрбір мүшесінің елеулі еңбегі, бүтін педагогикалық коллективтің жан-жақты қызметінің беделін биіктетіп, мәртебесін асқақтай көтере түсетіндігі ақиқат.

— Жоғары награда бүтін бригада коллективін ғана емес, барша облысымыздың педагогикалық коллективін кезінде зор қуанышқа бөлеген сүйсіністі құбылыс болды. Өйткені еңбекке тәрбиелеу мен әкелеріміз бен ағаларымыздың, аналарымыз бен апаларымыздың еңбек эстафетасын жалғастырар ертеңгі ұрпақ өкілін қалыптастыру, сол арқылы советтік педагогиканың биік талаптарына нақтылы практикалық іспен жауап беру міндеттерін абыройлы шешу бүгінгі таңда бізді қатты толғандырып отыр. Ендеше бұл бағыттағы игілікті жұмыс награда несі — Арықбалық орта мектебінің өндірістік бригадасында ғана емес, облыстың басқа да ондаған мектептерінде өзінің кең өрісін аша бермек. Ал Көкшетау облысында тұңғыш рет осыдан ширек ғасыр бұрын өмірге келген еңбек қарлығаштарының қанат қағар биігінің асқақтай, қол созар қиясының ша-

рықтай беруі әбден заңды. Өйткені онда қалыптасқан еңбек тәрбиесінің тәлімді тәжірибесі, өрісті өнегесі бар, — дейді облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары Шамгоп Әбілмәжінов. — Біз сол өнегені, сол тәжірибені осы тектес басқа да еңбек коллективтеріне кеңінен тарата беруге пәрменді бағыт ұстап отырмыз.

* * *

Тәрбие, оның ішінде мектеп қабырғасында жүрген оқушы тәрбиесі қай ұстазды болсын қатты толғандыратын, сол жолда үнемі ізденістерге, тынбай зерттеуге шақыратын үздіксіз процесс. Сондықтан да Арықбалық орта мектебіндегі өз алдына отау тіккен, бұл күнде игілікті істері облыс көлемінен асып, республикамызға кеңінен мәлім болып отырған өндірістік бригадасының тәрбиелік ролі қандай десек, алдымен шәкірттерді коллектившілдікке, оны мен солын тани білуге, достық, жолдастық қарым-қатынастың қуаттылығын ұғынуға, еңбектің жасампаз күшінің жарқын сипаттарын санаға сіңіруге игілікті ықпал етіп отырғандығын алдымен атар едік. Әрине, бұл қасиеттердің бәрінен де шәкірт санасына, оның әлі де орныға қоймаған зердесіне ұялату там-тұмдап, мысқалдап жүзеге асырылып отырылатындығы тәжірибеден белгілі.

— Бізде мынадай бір оқиға болды, — дейді жиырма жылдан бері Арықбалық орта мектебінің жанындағы оқушылардың өндірістік бригадасына жетекшілік етіп келе жатқан Иван Яковлевич Рудницкий, — Тарасов, Матросов және Музыкин деген оқушыларымыз зябь жыртып жүрген. Қатар келе жатқан тракторлардың біреуі төбеден ұрғандай кілт тоқтады. Шынжыр табанды біріктіруші темір саусақ шығып кеткендіктен алға қарай жылжи алмай тоқтаған екен. Бригадир екеуіміз анадайдан бақылап тұрған едік. Ойымыз: қалған екі жігіт істен шыққан трактордың қасында не істерін білмей абыржып, антарылып тұрған жолдасына көмектесер ме екен, әлде қайрылып қарамай жүре бере ме. Трактордың кілт тоқтағанын көрген басқа екеуі дереу жұмыстарын тоқтатып, жолдастарына көмекке келді. Олар өздерінің қатысынсыз жалғыз адамның шынжыр табанды қайта жалғай алмасын білген сияқты. Оның үстіне бригадада қалыптасқан «Барлығы біреу үшін, біреу барлығы үшін» принципі оларды көз алдарында болып қалған тосын оқиғадан айналып өтуге жібермеді. Оқушылар бірлесіп әп-сәтте істен шыққан тетікті қайтадан іске

косты да, қатарласа қозғалып жұмыстарын одан әрі жалғастырды.

Міне, осы мысалдан-ақ бригададағы еңбектің коллективтік бірлікке үндейтін тәрбиелік қызметі байқалып калып еді. Өндірістік бригада өмірінде мұндай бір-біріне деген көмек көрсету мысалдарын көптеп кездестіруге болады. Қысылғанда қолы ұшын беру, керек уақытында жәрдемдесіп жіберу, әсіресе алтын орақтың қарбалас шақтарында жиі ұшырасады. Міне осындай шақтарда оқушы-механизаторлар жолдастарын орта жолда қалдырып кетпей көмектесуге ынта-ықылас білдіріп отырады.

Иә, Иван Яковлевич дұрыс айтады. Коллектив ортасындағы еңбектің күші де, жеке адамға тигізетін игі ықпалы да осынау достық, жолдастық тәрбиемен сабақтасып жатыр.

«Коллектив талқысы — темір талқы» деген қағиданың да аса дұрыстығын, оның тәрбие мектебі бола алатындығын осынау коллектив өмірінен кездесіп қалар нелер қызықты оқиғалардан айқын байқалады.

Мысал келтірейік. Аталған бригадада А. Владимир деген оқушы болды. Оның коллектив ортасындағы беделі де онша емес-тін. Оған оның өзі тікелей кінәлы сияқты болып көрінетін. Мектептерде жиі айтылатын «қиын» оқушының бірі болды. Үлкендердің, ұстаздардың сын ескертпелерін көңіліне шам көріп, дөрекі мінез көрсетуге дейін барып жүрді. Жұмыста енжар, жолдастары арасында қисық, қыңыр қылықтар танытудан да тартынбайды. Әркім әрқалай айтып та көргенімен «қиын» оқушы өзінің қыңырлығына басып, коллективті әуреге түсірді.

Бірде жаңадан келген тракторларды бригада мүшелеріне салтанатты жағдайда тапсыру ресімі болды. Практикалық курсты тәп-тәуір аяқтаған Володяға өз алдына трактор беруге бола ма, жоқ па деген мәселеге келгенде көпшілік бір ауыздан қарсы шықты. Көпшілік сөзін тыңдамасқа тағы да шара жоқ. Өйткені мұнда әрбір техника жауапкершілікті арттыру мақсатымен сол техниканы кімге еншілеп беру тек қана коллектив шешімімен жүзеге асырылатын дәстүр бар. Володя үшін ол дәстүрді аттап өтуге болмайды ғой. Қарсы шыққандар оның дөрекі қылықтарын бетіне басып, коллектив мүддесімен санаспайтын оғаш мінездері әр тұстан айтылып та жатты. Володя болса сол қыңырлығынан қайтпай, қыңырайған күйі үн-түнсіз тұнжырап тұра берді.

Әрине, оны тап осылай талқыға салу арқылы табан ас-

тында жөнге келтіре қою қиын да еді. Әйтсе де Володя өзінің осыншалықты талқыға түсетіндігінен бейхабар болса керек. Жұрт назарының өзіне қатты ауғандығынан қысылғандай құлақ шекесі қызарып, қатты қиналған сыңай танытып тұр. Коллектив сенімінен айрылып қалғанын да аңғарса керек. Адамға деген сенім жоғалған жерде оны тәрбиелей қоямын дегеннің өзі көбіне көп бекершілікке саятыншы бар. Дуылдасқан топтың ортасында тұрған Володаның жайын сергек сезінген адам болса оған басқаша бір шара қолданар еді, болмаса көпшілікке ақыл айтып тоқтатар еді. Осындай бір қысылтаяң сәтте жөн сілтеп жіберер адамның табылғаны да жақсы ғой. Ол адам табылды да. Бригада жетекшісі Д. Паксюткин еді ол. Оқушылардың шуылы сәл саябырсыған сәтті пайдаланған ол:

— Балалар, Володаның дәрекі мінезін айтып ұялтып жатырсындар. Оларың жөн де шығар. Бірақ өз басым оны мүлдем түзелуден кеткен қикар бала дегім келмейді. Байқаймын Володя техника тілін білуге, оны меңгеруге осы тұрған көбінен ықыласты да икемді. Сондықтан да қарсы болмасандар мына «ДТ» тракторын Володяға сеніп тапсырсақ деймін. Мен бұл жігіттің коллекив сенімін ақтайтындығына шүбәсызбын, — деді.

Осы сәттегі Володаның түнерген жүзінің бірден өзгеріп, шыға келгенін көрсеңіз. Жүзі алаулап, жанары ұшқын атады. Паксюткинге аса бір ризашылықпен жымия қарап «сеніңіз, сеніңіз» деп күбірлей берді.

Сол Володя орта мектепті бітіргенше өндірістік бригадада әріптестерімен бірге абыройлы еңбек етті. Оқуды бітірісімен азаматтық борышын өтеуге Совет Армиясы қатарына аттанды. Одан қайтып келісімен совхоздағы механизаторлардың қатарына келіп қосылды. Қазір шаруашылықтың маңдай алды деген тәжірибелі механизаторларының бірі атанып отыр.

Міне, адамға сенім арту, оны жалаң сөзбен емес, нақтылы іспен жүзеге асыру, сөйтіп оның өз бетінше қимыл жасауына жол ашудың берер пайдасы, игілікті нәтижесі осындай болмақ. Бұл да — өндірістік бригададағы жүргізіліп отырған комплексті шаралардың барысында кездесіп қалатын көптеген мысалдардың бірі.

Мектептегі оқу процесінің өзі негізінен еңбек тәрбиесін насихаттауға, оның құдіретті күшін дәріптеуге, еңбектің жасампаздығын сипаттауға бағытталап отырылады. Сондықтан да әрбір пәндік сабақты оқыту кезінде оның еңбекпен жанасатын тұстарын творчестволық шеберлікпен,

іскерлік, икемділікпен пайдаланып отыру мұғалімдер тарапынан қатты ескеріледі.

Еңбек жайында, оның жасампаз қуаты туралы, адам зат ұрпағын тәрбиелеу жолындағы өлшеусіз ролі жайлы әдебиет, қоғамтану, математика, химия сабақтарында да сөз болып отырылады. Оқушылармен практикалық жұмыстар жүргізілгенде теориялық білімдерін пысықтап, нығайту шаралары белгіленіп, нақтылы жұмыстар жүргізіледі.

Мәселен, оқушылар совхоздың наубайханасына жиі барып тұрады. Әдебиет сабағында нан, астық, диқан еңбегі жайлы шығармалар оқылған тұста наубайхана жұмысымен іштей сабақтастыру ескеріледі. Жазушы суреттеген диқан еңбегінің түпкі қорытындысы анау пеште пісіп жатқан нанмен сабақтас емес пе. Мұғалім мәселенің осы жағына шәкірттер назарын ерекше аударады. Әрине, бұл бастауыш класс оқушыларымен болған сабақтарда негізгі басшылыққа алынады. Ал жоғары класс оқушылары үшін практикалық жұмыстар бұдан да гөрі күрделі де, қызықты мысалдармен қамтамасыз етіледі.

Өндірістік бригада — еңбекке шыңдау мектебі дегенді жиі айтамыз. Бұл — өте орынды айтылған пікір. Ал осы еңбекке шыңдау жайы несімен ерекшеленеді десек, бригада өмірінде оған да жан-жақты жауап боларлық мысалдар жеткілікті.

Алдымен бригададағы еңбекті ұйымдастыру процесіне ойша барлау жасайықшы. Бригаданың негізгі 8, 9, 10-класс оқушыларынан тұрады. Ал төменгі класс оқушылары негізінен овош өсіретін, ағаш баптайтын, төлді бағып-күтумен айналысатын звеноларда еңбек етеді. Олар астық шаруашылығымен айналысатын бригадаға барып, оның толық праволы мүшесі болуы үшін қол еңбегінің алғашқы баспалдақтарынан өтуі керек. Бірден ауыр жұмысқа бару олардың еңбекке деген ынтасына тұсау салып, жүрегін шайлықтырады. Екіншіден, оларға трактор жүргізу, жер жырту, егін себу сияқты күрделі жұмыстарды сеніп тапсырудың өзі ағаттық болар еді. Сондықтан да бастауыш класс оқушыларын жеңіл, атқаруға оңтайлы, өз күш-мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыс учаскесінде еңбек ету өмірдің өз талабынан туындап отыр деп түсіну керек.


Ал жоғары класс оқушылары болса осынау еңбек жолынан өткен, сондықтан оларға ауыл шаруашылығы техникаларын сеніп тапсыруға әбден боларлық дәрежеге жеткендер деп есептелінеді. Олар үлкендердің, бригада жетекшілері мен ұстаз тәрбиешілерінің бұл үміт сенімдерін

абыроймен ақтап та, өздеріне жүктелген міндетті қалтқысыз орындап та жүр. Оған көктемгі дала жұмыстары мен астын орақ кездеріндегі оқушылардың жоғары еңбек көрсеткіштері дәлел бола алады.

Дегенмен еңбектің үлкен жолына түсу және сол бағытта өкелер мен ағалар үмітінен шығарлық табыстарға жету оңай емес. Мұның бәрі ұзақ жылғы тәжірибеден, ерінбей-жалықпай табандылықпен үйретіп, баулу үстінде бірте-бірте қалыптасатын құбылыс.

Мысалға мына бір жайды айта кетейік. 1973 жылы 9 «в» класы өздерінің алдындағы 10-класс оқушылары атқарып келген жұмыс алаңын салтанатты жағдайда қабылдап алды. Бұл ендігі жерде аға әріптестері екі жыл бойы атқарып келген жұмысты одан әрі жалғастырып қана қою емес, сонымен бірге одан әрі табыстар арнасын ашу екендігін олар жақсы түсінген болатын. Сондықтан да коллективтің бар мүшесі жұмыла еңбек етуі қажет еді. Осы класта Игорь деген оқушы болды. Бойы тәпелтек, өзі әлсіз, әлжуаз. Бірақ қалыптасқан тәртіп бойынша оған да басқа оқушылар сияқты ортақ тапсырма беріліп, міндеттер жүктелді. Әуелден дене еңбегіне әуестігі жоқ Игорь үшін бұл тым ауырға тиді. Кластары атқаруға тиісті жұмысқа белсене қатысуға деген күштарлығын бойына бітпеген әлсіздік, әлсіздігін сезінуден туған жүрексіздік оны қатты қинады. Бригаданы тастап кетуге намысы жібермеді. Тіпті берілген жұмыстан бас тартпаса да оны орындай алмай жүрді. Кейбір оқушылар Игорьдің сыртынан да, көзінше де «сен қурайды бізге қайдан душар етті, мойнымызға масыл болғаннан басқа еш пайдаң жоқ» деп кейістік те білдіріп жүрді. Әрине, бұлайша құстаналаған ауыр сөздерді есту Игорь үшін азаптың азабы еді. Ал машинатану пәнінің мұғалімі, бригада жетекшісі Иван Яковлевич Рудницкий болса мәселеге басқаша қарады. Игорге жедел жәрдем бермесе, оның бригаданы тастап кетуге дейін баратындығын алдын ала сезді.

Ол оқушылармен Игорь жайлы оңаша сөйлесіп, сыр тарта бастады. Әңгіме барысында Игорьдің жалпы жаман оқушы емес екендігін, оқуда да, жұмыста да ынтасы барлығын аңғарды. Жолдастары да осылайша бағалайды екен. Бар айыбы оның әлжуаздығында болды. Әңгіме барысында жолдастарының әлсіздігін бетке басудың өрескел қате екендігін түсіндірді. Керісінше оған жәрдемдесу керек, қолдан келген көмекті аянбаудың өзі коллективтік еңбектің басты шарты екендігін ұғындырды. Сондықтан да



026021

«бәріміз болып оған лайықты жұмыс берсек қалай көресіңдер» деді. Әрине, ұстаздың бұл пікірі оқушыларды ойландырмай қалған жоқ. «Беларусь» тракторында жұмыс істейтін Андрей деген оқушы өз қасына алуға ықыласты екендігін танытты. Жұмыс онша қиын да емес. Бригадаға ас, су, жанар-жағар май тасымалдайды. Осы жұмысқа Игорьді жіберсек, оның күшін байқауына, өзіне деген сенімінің артуына ықпал етеді деген ой ұстаздың да көкейінде еді. Андрей осы ойды дөп басқандай болды.

Ертеңіне Игорь мен Андрей совхоз орталығындағы су мұнарасынан бригаданың дала қосына ауыз су әкелуге аттанып бара жатты.

Біре жетіден соң Игорь өз бетінше трактормен жүруге дағдыланды. Андрейдің көмегінсіз-ақ су тасымалдауға, агрегаттарды жанар-жағар маймен қамтамасыз етуге жарап қалды. Сөйтіп, 9 «в» класындағы «қурай бала» орта мектепті бітіргенше бригаданың белді мүшесі ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге бригаданың ортақ табыстарына өзінің сыбағалы үлесін қосқан еңбеккер азамат ретінде әріптестерінен лайықты бағасын алды. Ендігі жерде оны бірде-бір оқушы «сен қурайсың, мойнымыздағы масылсың» деп айтпайтын болды.

Міне, бұл мысал өндірістік бригаданың шын мәніндегі шыңдау мектебі бола алатындығын дәлелдейді. Әрине, еңбек ете бастағанына ширек ғасырға аяқ басқан бұл еңбек коллективінің берген тәрбиесі, жас адамның өзіне деген сенімін қанаттандыра түсудегі өлшеусіз қызметі, коллектившілдікке, жолдастық қарым-қатынастың нығаюына тигізген ықпалы, тағы басқа да толып жатқан игілікті нышандар мұнымен шектелмейді.

Өндірістік бригада еңбек және демалыс лагерінде оқушылар ауыл шаруашылығы машиналарын игеруге үйреніп, басқа да көптеген мамандық негіздерін меңгеріп шығады. Сол жолда жетекші ұстаздардың, совхоз мамандарының тигізіп отырған ықпалы, қамқор көмегі ұшан-теңіз.

Ерікті еңбек бәсекесі — социалистік жарыстың қаншалықты қозғаушы, қуатты күші екендігін еңбек процесінде оқушылар танып біледі. Оның ұйымдастырушылық, ынталандырушылық қасиеттерінің алғашқы белгілерін өз бастарынан кешеді. Мұның да орасан зор тәрбиелік ролі барлығы сөзсіз. Сондай-ақ әрбір оқушы өзінің болашағына, оның жарқын көкжиектеріне үмітпен, сеніммен, ерекше бір құлшыныспен, романтикалық мөлдір сезіммен қарауға қадам басады. Ол ендігі жерде өзінің болашағына жеңіл-

желпі қараудан бірте-бірте тыйылып, салмақты ойларға жүгінеді. «Кім боламын?» деген өмірлік мән-мағынасы орасан зор сауалға еңбек үстінде жауап беруге тырысады. Оны осы бригадада еңбек жолын бастаған көптеген оқушылардың өмір жолдарынан аңғару қиын емес. Оның жарқын мысалдары тек Арықбалық орта мектебінің жанындағы өндірістік бригада өмірінен ғана емес, облысымызда еңбек етіп, іргесі бекіген, өзіндік дәстүрі қалыптасқан басқа да ондаған өндірістік бригада мысалынан айқын көруге болады. Еңбектің бұлайша шыңдалу мектебінен өткендердің көбі-ақ өз тағдырын туған ауыл-селосымен байланыстыруда. Діқан мен малшы, құрылысшы мен бағбан сияқты қарапайым да қастерлі мамандық иелерінің жастармен, әсіресе өндірістік бригада мүшелерімен толығырақ түсуі жас кадрлармен молығырақ түсуі сияқты құбылыстар осының жарқын көрінісі.

ӨРКЕНДІ ІСТЕРДІҢ ӨРІСТІ ЖАЛҒАСЫ

Арықбалық орта мектебі жанындағы оқушылардың жеті адамнан тұратын звеносы жыл өткен сайын өндірістік бригадаға айналып, өзінің жұмыс ауқымын ұлғайтып, құрамын нығайтып, өркенін кеңге жая түсуімен бірге ол өзінің игілікті істері, тамаша табыстарымен басқа мектептердің педагогикалық коллективтеріне де ой салды, қозғау салды.

Біздегі оқушылардың өндірістік бригадалары тың және тыңайған жерлерді игерумен, кадр мәселесін түбегейлі шешу проблемаларымен өзектес болды. Сондықтан да Қазақстанның астықты аймақтарына кең көлемді басталған шабуыл жылдарында өмірдің еңбек деп аталатын ұлы айдынына қанат қаққан алғашқы қарлығаштардың көш бастаушысы атанған Арықбалық ауданындағы Арықбалық орта мектебінің өндірістік бригадасының тәлімді істері облыс көлемінде үлкен қолдауға, қызу қуаттауға ие болғандығын ерекше сүйсініспен айту ләзім.

Осынау маңызды аса жоғары, жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеудегі қызметі орасан зор игілікті іс облыстық партия комитетінің тікелей қамқорлығына алынып отыр. Мұнда өндірістік бригадаларға колхоздар мен совхоздарда, кәсіпорындарында нақтылы көмек көрсету, қажетті ауыл шаруашылығы техникасын бөлу, тұқыммен жабдықтау, бригада мүшелеріне мәдени-тұрмыстық жағдайды жасау проблемалары жоғары талап тұрғысында қойылып келеді.

— Механикаландырылған ірі совхоздардың құрылуына байланысты жалпы білім беретін мектептер оқушылары қатарынан ауыл шаруашылығы үшін түрлі мамандық кадрларын даярлау қажеттігі туды. Бұл үшін қолайлы жағдайлар да қалыптасып болған еді. Шаруашылықтардың басшылары мектептерді еңбекке баулу үшін қажетті материалдық база жасауына көмектесіп, жер, техника, тұқым бөліп берді. Техника тілін жетік білетін тәрбиешілер де бөлінді. Оқушылардың еңбегіне жетекшілік етуге тәжірибелі мамандар жіберілді,— дейді сол бір алғашқы жылдардағы игілікті нышандарды еске алған облыстық партия комитеті ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі Бота Құсайынов. — Бұл күнде оқушылардың өндірістік бригадалары жоқ орта мектепті облыс көлемінен табу қиын. Осынау дәрежеге жету, сөз жоқ, облыстағы ондаған педагогикалық коллективтер мен колхоз, совхоз басшыларының, олардағы маман кадрлардың бірлесе жұмыс істеуінің нәтижесінде жүзеге асырылды.

Иә, өмірдің өзі тудырған талаптарға жауап ретінде құрыла бастаған оқушылардың өндірістік бригадалары алғашқы кезеңде басшылар, жетекшілер тарапынан күдікқобалжу, тіпті сенімсіздіктер тудырғанымен, бұл игілікті істің берері көп, болашағы зор екендігі айқындала түсті. Сондықтан да облыстық партия комитетінің тікелей басшылығымен жүргізілген ауқымды да ықпалды жұмыс сонау 1958—1960 жылдардың өзінде-ақ кенге құлаш ұрды. Игілікті бастамалар, туған ауыл-селода қаламыз деп үндеу тастаған мектеп оқушыларының патриоттық бастамалары партия, шаруашылық органдары тарапынан қуатты қолдауларға ие болды.

Облыста отау тіккен оқушылардың алғашқы өндірістік бригадаларының үлгі-өнегесі сол кездегі бүкіл тың өлкесіне кеңінен тарайды. Олардың тәжірибесін өлкенің бүкіл орта мектептеріне тарату туралы арнайы шешім де қабылданды. Сондықтан да шешімнің нақтылы жүзеге асырылуы үшін көптеген ұйымдық шаралар белгіленді және ол қызу қолға алынды.

1958 жылы Арықбалық орта мектебінде бір ғана бригада жұмыс істесе, 1968 жылы, яғни он жыл ішінде Көкшетау облысында 79 өндірістік бригада пайда болды. Бұл осынша орта мектеп жанынан өз алдына еңбек етуге қабілеті жеткілікті, ауыл шаруашылығының кез келген саласында сындарлы еңбек етуге мүмкіндігі бар, ауыл шаруашылығының

егіншілікпен байланысты күрделі техникаларын игере алатын еңбек коллективтері қалыптасты деген сөз.

Ал қазір мұндай өндірістік бригадалар саны 194-ке жетіп отыр. Бұған 50 еңбек және демалыс лагерін, 15 мектеп орманшылығын, жоғары класс оқушыларының 8 еңбек отрядының құрылып жұмыс істейтіндігін қоссақ, осыдан ширек ғасыр бұрынғы игілікті істің зая кетпегендігін аңғарамыз. Бұл еңбек коллективтері 42 мыңнан астам жас ұландардың басын біріктіріп отыр. Бұл — зор көрсеткіш.

Облыстың бірсыпыра мектептері есімі елге мәлім болып отырған Арықбалық орта мектебінің өндірістік бригадасындай қуатты коллективті ұйымдастыра алмағанымен, бұл бағытта көптеген ізденістер мен ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Облыс мектептерінде 1—3-класс оқушылары үшін қол еңбегімен айналысатын 303 кабинет арнайы жабдықталған. Ал 550 оқушы шеберханаларда техникалық еңбекпен айналыса алады. 118 кабинет ауыл шаруашылығы механизациясының негіздерін оқытып үйретуге орай жабдықталған. 400-ге жуық оқу-тәжірибе учаскесі, 15 теплица облыс оқушыларының игілігіне қызмет етеді. Облыстың 60-тан астам орта мектептерінде кәсіби бағдар белгілейтін кабинеттер, 6 мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттары жұмыс істейді. Облыстың барлық орта мектептері мен оқу-өндірістік комбинаттары 4 сағаттық жаңа программа бойынша 9—10-класс оқушыларын еңбек сабағымен қамтамасыз етіп отыр.

Бұрын өндірістік бригадалар негізінен егіншілікпен айналысуға бейімделсе, соңғы жылдарда әр шаруашылықтың мамандандырылуына, ішкі мүмкіндіктеріне, айналысып отырған жетекші саласына байланысты мал, құс, ояш, жеміс шаруашылығымен айналысатын, тіпті құрылыс алаңдарында еңбек ететін бригадалар өмірге жоллама алды.

Облыс көлемінде оқушылардың өндірістік бригадаларының одан әрі өркендеуіне, материалдық-техникалық жағынан нығая түсуіне ерекше назар аударылып отыр. Бұл күнде өндірістік бригадалар қарамағында түрлі маркалы 330 трактор, 180 комбайн, 32 мың гектар жер учаскесі бар. Имантау, Арықбалық, Константинов, Веденовка, Большеизюм орта мектептерінің жанындағы өндірістік бригадалар еңбекті шаруашылық негізінде ұйымдастыруға толық көшіп болды. Бұл бүгінгі заманғы өндіріс талаптарына орай жастарды еңбекке тәрбиелеудің жаңа жолдарына мүмкіндіктер тудыруда.

Облыстың астықты алқаптарында мектеп оқушыларының өндірістік бригадалары үшін арнайы салынған және жан-жақты жабдықталған 94 дала қосы жұмыс істейді. Бұларда оқушылардың жан-жақты демалысы ұйымдастырылған.

Жоғарыда келтірілген фактілер жалаң цифрлар тоғысы емес, мұнда зор ұйымдастырушылық жұмыстар, педагогикалық коллективтердің ерен еңбегі, партия, совет, кәсіподақ, комсомол, шаруашылық органдарының жүргізген ұлан-ғайыр ұйымдастырушылық, саяси тәрбие жұмыстары бар. Болашақ ұрпақтың тағлырына бағыт сілтеу, олардың еңбекке деген көзқарасын қалыптастыру, тәрбиелеу процестерінің биік өлшемдері де осынау цифрлар тоғысында даралана түспек.

Мектеп оқушыларына сенім арту аса жоғары талап тұрғысында қалтқысыз жүргізіледі. Оларға ауыл шаруашылығының аса күрделі техникалары, тіркеме құралдары сеніп тапсырылып отыр. Егіншілікпен айналысу үшін шаруашылықтардан аса құнарлы жер бөлу, басқа да қажетті материалдарды беру, музыка, спорт аспаптарымен жабдықтау көптеген өндірістік бригадаларда өз шешімін тапқан.

Әрбір игілікті істің өз қайтарымы, игілікті жемісі болуы шарт. Осыз жарғақ құлағың жастыққа тимей атқарған еңбегіңнің еш болғаны, жылдар бойы жүргізген жұмыс, берген тәлім-тәрбиенің зая кеткені. Бірақ оқушылардың өндірістік бригадаларын өмірге әкелген, оның ыстық-суығын бастан өткерген ұстаз-жетекшілер, педагогикалық коллективтер бұл жұмыстарынан рухани ләззат алып қуанбаса еш реніш білдірген емес.

Сөзіміздің дәлелділігін тұжырымдай түсу үшін бірнеше мысалға жүгінелік. Оқушылардың өндірістік бригадалары, еңбек және демалыс лагерьлері, өндірістік звенолар өмір сүрген уақыттан бері не тындырып, не қойды десек, ауыз толтырып айтарлықтай еңбек көрсеткіштері бар.

Өндірістік бригадалар, звенолар еңбек ететін облыс мектептерінің оқушылары 14 миллион пұтқа жуық астық өндіріпті. Бұл облыстың Қызылту, Рузаев, Қуйбышев, Чистополь сияқты астықты аудандарының ең өнімді жылдарда беретін астығы, яғни оқушылар бір ауданның астығын артығымен өндірді деген сөз. 2,5 миллион центнерге жуық жүгері балаусасын орып, сүрлемдікке салуды қамтамасыз етті. Сөйтіп, қоғам малын азықтандыруға өздерінің лайықты үлестерін қосты. Сондай-ақ жүздеген центнер

картоп пен капуста, басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіріп, мемлекетке тапсырды. Бұған жүздеген гектар бапталған жас ағаш көшеттерін, күтімге алынған бірнеше мың бас құс пен жас төлді, сан мыңдаған дана құйылған кірпішті, тұрғызылған мал қоралары мен мәдени объектілерді қосыңыз. Сонда жас ұландар еңбегінің облыс көлеміндегі шоқтықты белесі бедерленіп айқындана түспек.

Жоғарыда өндірістік бригада негізінде құрылған басқа да салалық звенолардың өмірге келгендігін атап көрсеттік. Солардың бірі мал шаруашылығына байланысты звенолар болатын. Облыстың ондаған мектептері жанынан оқушылардың мал шаруашылығымен айналысатын өндірістік бригадалары пайда болды.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас тың және тынайған жерлерді игерудің 20 жылдығына байланысты 1974 жылы март айында өткен Алматыдағы салтанатта Қазақстандық шопандар үшін келелі міндеттер белгілеп бергендігі баршаға мәлім. Онда таяудағы жылдардың ішінде республикада қой саны 50 миллион басқа жеткізілу көзделген. Осынау ортақ табысқа Көкшетау облысының қой шаруашылығымен айналысатын еңбек коллективтері де лайықты үлес қосуға тиіс. Бұл күнде облыс бойынша қой санын 1 миллион басқа жеткізу жолындағы еңбек өз өрісін табуда. Алға қойған асқаралы міндетті жүзеге асыру үшін облыс шаруашылықтарында берік негіз, жақсы жағдайлар қалыптасқан. Суы мол, шөбі шүйгін-табиғи жайылымдықтар жеткілікті. Қой қоралары бүгінгі күнгі техника түрлерімен жан-жақты жабдықталған. Осыған қарамастан қой шаруашылығын толық өндірістік негізде дамыту үшін адам күші жетіспейді. Міне, осы көкейтесті проблема облыстық партия комитеті мен халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетін жаңа резервтердің көзін жан-жақты іздестіруге міндеттеп отыр. Бұл орайда қой шаруашылығына жастарды көбірек тарту міндеті күн тәртібіне батыл қойылған. Сондықтан да мал шаруашылығына байланысты оқушылардың өндірістік бригадаларын құру бағытында көлемді жұмыстар жүргізілуде.

1974 жылы жас малшылардың облыстық бірінші слеті болып өтті. Слетке мал шаруашылығы саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп жүрген Социалистік Еңбек Ерлері, өндіріс озаттары, ұстаздар, мектеп директорлары, аудандық және қалалық комсомол комитетінің секретарьлары қатысты. Слетке қатысушылар мал шаруашылығымен

айналысатын бригадалар мен звенолар құру жайлы облыс мектептеріндегі оқушыларға арнайы үндеу қабылдады.

1977 жылы облыс көлемінде 20 өндірістік бригада жұмыс істей бастады. Олар 5 мың бас қой мен қозыны, 2500 бас бұзауды, 5 мың бас торайды, 175 мың қаз бен үйректі күтімге алды. Сол жылы 3200 центнер жібек жүн қырқып мемлекетке тапсырды. Бригада мүшелері өз күштерімен қоғамдық малға қажетті 32 мың центнер мал азығын дайындады. Жас сауыншылар 120 мың литр сүт сауды. Көптеген мал фермалары мен азықтапдыру алаңдары оқушылардың тікелей қатысуымен жөнделді.

Бұл арада жекелеген орта мектеп жанындағы оқушылардың өндірістік бригадаларының игілікті істерін бөле-жара айтуымыз керек. Мәселен, Еңбекшілер ауданына қарасты Аманкелді орта мектебінің жанындағы мектеп оқушыларының жас шопандар бригадасын алайық. Бұл бригаданың өзіндік еңбек дәстүрі бар. Бригада мүшелері жыл сайын 5 мың қой мен қозыға күтім жасайды. «Жамбыл» совхозының әкімшілігі мен партия ұйымы балалар үшін барлық мүмкіндікті жасап отыр. Бригадаға үш жылжымалы вагон босатылған. Вагоншалар керек-жарақпен толық жабдықталған. Жас шопандарға тәжірибелі ұстаз жетекшілік етеді. Мұндағы жұмыс совхоз әкімшілігімен алдын ала келісілген екі жақты қол қойылған шарт бойынша жүргізіледі. Жұмыс жоспарында қойды күтіп-бағумен байланысты негізгі мәселелер қамтылған. Сондай-ақ оқушыларды еңбекке тәрбиелеудің өзекті проблемалары да жан-жақты ескерілген.

Жыл сайын бригада алынған төлді аман сақтауда лайықты үлестерін қосуда. Оқушылар мал күтумен бірге жаз айларында жемшөп дайындаумен айналысады.

Бригаданың жұмысы белгіленген сағат кестесімен жүргізіледі. Жұмыс үш сменада атқарылады. Соның бәрінде де оқушылар тікелей қатысады. Жұмыстан бос уақыттарында да оқушылар айналысатын мәдени-көпшілік шаралар жеткілікті. Озат шопандармен әңгіме-кеңестер өткізіледі. Оларда оқушылар қой бағудың қыры мен сырына қанық майталман шопандардың жұмыс тәжірибесімен танысады. Әр түрлі тақырыптарға арналған пікір алысу кештері өткізіліп тұрады. Бұларда мектептің төменгі класс оқушылары қатысып, өздерін толғандырып жүрген сауалдар төңірегінде кеңінен пікірлеседі. Көрікті Көкшетау өңіріне саяхаттар жасау жұмысы да өндірістік бригада

оқушыларының мәдени демалысының құрамдас бөлігіне айналып отыр.

1977 жылдың өзінде ғана бригада совхоз үшін 4855 сом кіріс енгізді. Аталған орта мектептің жас шопандар өндірістік бригадасының жұмыс тәжірибесі облыстың Айсары, Совет, Золотая нива, Төменгі Бұрлық, Октябрь және басқа да орта мектептерінде кеңінен қолдау тапты. Мәселен, Уәлиханов ауданына қарасты «Чапаев» совхозында ұйымдастырылған «Ұшқын» оқушы жастар бригадасын алайық. Бригада құрамында 13 адам бар. Олар 2800 бас қойға күтім жасайды. Бригадада жақсы жабдықталған дала қосы жұмыс істейді. Совхоз әкімшілігі жас шопандар үшін арнайы киім тіктірді. Музыка және спорт бұйымдарымен жабдықталды. Радио, теледидар жұмыс істейді. Бригада комсоргы С. Бібыраев, бригада мүшелері Қ. Әубәкіров, А. Өтепов, М. Нұртазин сияқты жастар лайықты еңбектерімен коллектив табысын кемелдендіре түсті. Ал Арықбалық ауданына қарасты Имантау орта мектебінің жанындағы құс өсірушілер звеносының еңбегі көпке үлгі болып отыр. Бұл звено он жылдан бері тұрақты еңбек етіп келеді. Сол жылдар ішінде жас құс өсірушілер 500 мың бастан артық үйректі өсіріп, жоғары сапалы құс етін мемлекетке өткізді. Ал биылғы жылдың өзінде жоспардағы 20 мың бастың орнына 48 мың бас үйрек өсіруді жоспарлап отыр.

Арықбалық орта мектебінің жанындағы малшылар звеносы бұзау күтуді жүйелі жүргізіп келеді. Алғашқы құрылған 1973 жылы бұл звено мүшелері 100 бас бұзауды қол күтіміне алып, олардың тәуліктік салмақ қосуын бұзау басы 530 грамнан айналдырса, өткен жылы бағымындағы 120 бұзаудың тәуліктік салмақ қосуын жоспардағы 550 грамның орнына 630 грамнан айналдырды. Осының өзінен ақ жас төл күтушілердің еңбек тәжірибесінің еселене түскендігі аңғарылады.

Көкшетау ауданындағы Еленовка орта мектебінің жанындағы жас мал күтушілердің жұмыс тәжірибесі де көпшілікті қатты қызықтырады. Мектепте еңбек адамдарымен кездесу дәстүрге айналған. Өткен жылғы осындай бір кездесуде «Бұлақ» совхозының басшы мамандары арнайы шақырылды. Онда мектеп оқушылары тарапынан машинамен сүт сауу шеберлерін даярлайтын арнайы курс ашу керектігі сөз болды. Осыған орай совхоз әкімшілігі оқушылар тілегін қанағаттандыруды дұрыс деп тапты. Курстың алғашқы сабағына 8 оқушы қатысты. Бұл курстың жұмысын совхоздың бас механик-зоотехнигі Б. В. Гласнер жүр-

гізді. Курс өз жұмысын аяқтағаннан кейін сауыншы қыздар товарлы-сүт фермасына келді. Оларды М. Лаврик, Б. Ежова, О. Франц сияқты майталмен сауыншылар құшақ жая қарсы алды. Л. Агафонова, О. Иманғожина, Н. Беландина, М. Фукс сияқты оқушылар аға әріптестерінің ұстаздық еңбектерін зая жіберген жоқ. Өздерінің жастық жігерлерін жүректерімен қалап алған жұмысқа бағыттай білді. Бір қуаныштысы, бұл оқушылар орта мектепті бітірісімен туған селода қалып, сауыншылық жұмысты одан әрі жалғастыруды жөн деп тапты. Қазір бұл сауыншылар шаруашылықтың машинамен сүт сауу аппаратураларын жетік меңгерген озаттар қатарынан көрініп жүр.

Красноармеец ауданы Больше-изюм орта мектебінің жанында ұйымдастырылған шошқа күтушілер бригадасының жұмысында да көп назарына ұсынарлық игілікті істер бар. Алғашқы жылы мектеп жанынан 53 оқушыны қамтыған бригада құрылған болатын. Бригада мүшелері 1531 бас торайды өз қамқорлықтарына алып, тындырымды еңбектің үлгісін көрсетті.

Бригада жұмысына арнайы құрылған совет басшылық етеді. Әр торайдың тәуліктік салмақ қосуы жоспардағы 250 грамның орнына 270 грамнан айналдырды. Өткен жылы ғана бригада мүшелері 187 центнер ет өндіруді қамтамасыз етті. Әсіресе Е. Бовсуновский, Н. Фролова, Л. Вирт, Т. Бурба, Л. Мамич сияқты көптеген оқушылар ортақ табысқа лайықты үлестерін қосуда.

Міне, облыс көлемінде мал шаруашылығы саласында жүргізіліп отырған кейбір игілікті жұмыстардың нәтижесі осындай.

Өндірістік бригадалар тек еңбекке шыңдау мектебіне ғана айналып отырған жоқ. Ол сонымен бірге кадрлар даярлаудың да мектебіне айналған. Осы жылдар ішінде 45 мыңға тарта механизатор кадрды даярланып шықты. Соның 20 мыңға жуығы Ленин орденді Көкшетау облысының колхоздары мен совхоздарында еңбек етуде. Ел байлығын, Отан ризығын еселей түсуге өздерінің жастық жігерге толы күш-жігерлерін қосуда. Сондай-ақ Көкшетаудың жайлаулық өлкелерін ақтылы қой, үйір-үйір жылқы, аша тұяқты ірі қарамен толтыра түсу бағытында да жүргізіп жатқан жан-жақты жұмыстан жастардың өршіл еңбегін танып білуге болады.

Міне, облыстық деңгейде елес берер осынау ауқымды көрсеткіштер еңбек тәрбиесінің тәлімді істерін жарқын

сипатқа бөлеп, жасампаздық күш-қуатын айқындай түссө керек.

Жылдар жылжып өткен сайын мектеп оқушылары өндірістік бригадалары мүшелері үшін жан-жақты еңбек ету мүмкіндіктері барынша жақсара түсуде. Совхоздардың, колхоздардың және кәсіпорындардың есебінен жаңа жоба-үлгісімен дала қостары салынуда. Керекті мөлшерде жер учаскесі бөлініп, ауыл шаруашылығының жаңа техникалары берілуде. Сондай-ақ бригадаларға қажетті мөлшерде мал басын бөліп беру, оларды азықпен қамтамасыз ету проблемалары да көптеген шаруашылықтарда өз шешімін тауып отыр. Бұл мәселелер ендігі жерде тек мектептер мен колхоз, совхоз әкімшіліктері арасындағы шарт бойынша ғана жүзеге асырылмайды. Оны шешуде аудан көлеміндегі партия комитеттері мен халық депутаттары қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері тікелей қатысып келеді. Бұл жұмыстардың барысы, алда тұрған міндеттер бюро мәжілістерінде, комитеттердің отырыстарында жиі қаралып тұрады. Пленумдар мен сессиялардың күн тәртібіне шығарылады. Оқушылардың өндірістік бригадаларын құру, олардың жұмысын ширақ ұйымдастыру, осыған байланысты туындайтын көптеген проблемаларды нақтылы шешу шаралары белгіленіп, шешімді жүзеге асыру қатты қадағаланады.

Облыстық партия комитеті жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу мәселесіне күнбе-күн назар аударып отырады. Оған нақтылы жүргізіліп отырған бірер мысалды тілге тиек етсек те жеткілікті. 1976 жылы Ақан орта мектебі туған ауыл-селода қалу туралы облыстың барлық орта мектептерін бітірушілерге арнап үндеу тастады. Тап осындай үндеу 1978 жылы Бірлік орта мектебін бітірушілердің қол қоюымен өмірге жолдама алды. Міне, осынау патриоттық бастамалар облыстық партия комитетінің мақұлдауына ие болды. Осыған байланысты нақтылы шаралар белгіленіп, туған елді мекендерінде қалып еңбек етемін дегендерге қалтқысыз қамқорлық көрсету жергілікті партия, совет, комсомол органдарынан батыл талап етілуде.

Облыс көлемінде жүргізіліп отырған мұндай игілікті де қажетті жұмыстар жас ұрпаққа еңбек тәрбиесін беру бағытында жемісті нәтижелерімен сараланып отыр. Мәселен, 1972 жылы IV республикалық слетте Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің, республика Оқу және Ауыл шаруашылығы министрліктерінің ауыспалы Қызыл туы облысымызға мәңгі сақтау үшін табыс етілді. Ал 1977 жылы оқу-

шылардың өндірістік бригадаларының VII республикалық слетінде Ленин орденді Көкшетау облысы осындай екінші туға ие болды. Осы слетте Арықбалық ауданына қарасты Імантау мектебі оқушыларының өндірістік бригадасына жас ұрпаққа еңбек тәрбиесін берудегі зор қызметі үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды. Осы бригаданың негізінде 1976 жылы оқушылардың өндірістік бригадаларының II республикалық слеті өткізіліп, бұдан сәл ілгеріректе, яғни 1964 жылы бригада ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Тың данқы» Алтын кітабына жазылды. 1979 жылы Арықбалық орта мектебінің оқушы өндірістік бригадасына Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы беріліп, көкшетаулық жас өрендер үлкен абырой құрметке бөленді. Жан сүйсініп, көңілді қуанышқа бөлейтін мұндай игілікті сәттер үзілмейді, жалғаса береді.

Оныншы бесжылдықта және он бірінші бесжылдықтың өткен кезеңдерінде Көкшетау облысының жалпы білім беретін мектептері жас ұрпаққа білім беруде, коммунистік құрылыс практикасымен ұштастыруда, оқушыларды саналы түрде мамандық таңдауға, халық шаруашылығы салаларындағы еңбекке даярлау жөніндегі жүргізіп отырған жұмысы айтарлықтай жақсара түсті. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1972 жылғы декабрь және 1978 жылғы август айларында қабылдаған қаулыларынап кейін облыс мектептеріндегі еңбек тәрбиесі үшін материалдық-техникалық базаны нығайту жөнінен бірсыпыра нақтылы шаралар белгіленіп, олар жүзеге асырылды.

Бұл күнде Көкшетау облысы мектептерінде ағаш пен металл өңдеу жөнінен — 540, халыққа қызмет көрсететін еңбек бойынша — 317, ауыл шаруашылығы механизациясы бойынша — 118, автомобиль ісінен 48 оқу кабинеттері, 1—3-класс оқушылары үшін қол еңбегінің 300 бөлмесі және 435 мектеп жанындағы оқу-тәжірибе учаскелері жұмыс істейді.

Соңғы жылдарда бұлардан басқа оқушыларға еңбек тәрбиесін берудің жаңа, соны формалары өмірге жолдама алып, өзінің тұрақтылығымен, мазмұнды да маңыздылығымен көзге түсуде. Мәселен, оқу-өндірістік комбинаттар, өнеркәсіп орындарындағы цехтар мен учаскелер және комплекстер, бастауыш класс оқушылары үшін қол еңбегі мен кәсіби бағдар кабинеттері құрылып, жемісті жұмыстар жүргізе бастады. Қазіргі күнде облыста 4 оқу-өндірістік

комбинаты, кәсіпорындарында 35 комплекс, 10 цех, 7 учаске жұмыс істейді. Бұлар негізінен жоғары класс оқушыларын қамтиды. Жылма-жыл 9—10-класстың 5550 оқушысы 8 түрлі мамандық бойынша еңбекке тартылады. Әр мамандықтың қыры мен сырына үніліп, оның алғашқы әліппесімен танысады.

Бұл арада жас ұрпаққа еңбек тәрбиесін беруде өлшеусіз қызмет көрсетіп, нақтылы ұйымдастырушылық жұмыстарымен қуанып отырған колхоз, совхоздарды, олардағы партия, совет, кәсіподақ, комсомол комитеттерінің жарқын еңбектерін, қалтқысыз қамқорлықтарын ерекше атаған жөн. Мәселен, бұл бағыттағы жұмыста Арықбалық, Имантау, Ақан, Зеренді, Ұрымқай, Октябрь, Абай атындағы совхоздардың тындырымды жұмыстарын тілге тиек етуге әбден болады. Бұлар мектептер жанындағы оқу-өндірістік бригадаларды құру, оларды материалдық-техникалық жағынан нығайту, сөйтіп, жас ұрпақты еңбекке баулып тәрбиелеудің комплексті шараларын жүргізуде өлшеусіз көмек көрсетуде. Өндіріс басшылары коллективте өздерін тұрақты әрі жеткілікті жергілікті кадрмен толықтырып нығайта түсу үшін игілікті ықпал, кең мүмкіндіктер жасайтын мектеп оқушыларының еңбек бірлестіктерін дамытуды өздерінің төл ісі деп есептейді. Оны жекелеген мектептер жанындағы оқушылардың өндірістік бригадалары жұмыстарынан нақтылы көріп отырмыз.

Жекелеген мектептер жанындағы оқушылардың өндірістік бригадалары қалай жұмыс жүргізуде, олардағы жас ұрпаққа еңбек тәрбиесін берудің жолдары мен мүмкіндіктері қандай, қол жеткен табыс, бүгінгі нәтижелер немен ерекшеленеді? Ендігі әңгіме солар жайлы болмақ.

ІЗДЕНІС ІЗДЕРІ, ИГІЛІКТІ НӘТИЖЕЛЕР

Г. К. Прохоров, Арықбалық ауданы, Имантау орта мектебінің директоры:— Біздің Имантау орта мектебінің жанындағы оқушылардың өндірістік бригадасы 1958 жылы құрылды. Сол жылдың көктем айында бригада құрамында 60 оқушы болды. Олар негізінен 7—9-класс оқушылары болатын. Совхоз бұл бригаданың жұмыс істеуі үшін 350 гектар егістік жер бөліп берді. Бригада игілігінде «ДТ-74» және «МТЗ-50» тракторы, бір вагонша болды. Содан бері бригада құрамы нығайып, оның еңбек ететін жұмыс алаңы кеңейе түсті. Бір кезде бригада тек қана егіншілікпен

айналысса, бертін келе ол ауыл шаруашылығының басқа да салаларымен шұғылданатын комплексті коллектив дәрежесіне көтерілді. Бригада жыл сайын егістіктен, құс өсіру шаруашылығынан тұрақты да жоғары өнім алып келеді. Жұмыс істей бастағанына ширек ғасырға жуық уақыт болып қалған бұл бригада осы кезеңдер ішінде ауыл шаруашылығына қажетті 800-ден астам механизатор, 400-ден астам құс өсірушілерді даярлады. Бұл арада мына бір фактіні ерекше атап өткіміз келеді. Даярланған механизаторлардың дені «Имантау» совхозы мен осы совхоздың территориясына орналасқан «Правда» газеті атындағы құс өсіретін бригада да еңбек етіп жүр. Совхозда қазір абыройлы еңбек етіп жүрген 120 механизатор, 60 шофер өздерінің алғашқы еңбек жолдарын оқушылардың өндірістік бригадасынан бастағандықтарын мақтан етеді. Құс фабрикасындағы 100-ге жуық әр мамандық иелері де осы бригадаға борыштармыз деп есептейді. Сондай-ақ бригаданың ондаған түлегі өз жүрек қалауымен жоғары және орта дәрежелі арнаулы оқу орындарына барып білімдерін одан әрі жетілдіруге мүмкіндік алды. Бір қуаныштысы, солардың көбі туған ауылға қайтадан оралып, абыройлы еңбек етуде. Совхоздың жоғары білімді агрономдары Г. Ильченко, Н. Қулешов, экономистер Б. Алькина, Т. Васильева сияқты мамандар кезінде өндірістік бригаданың белсенді мүшелері болатын.

Бұл арада бригада жұмысын қалай ұйымдастырып отырғандығымыз жайлы да әңгімелей кеткеннің артықтығы болмас. Бригада жұмысын құрамында 11 адамы бар совет басқарады. Совет жұмысына жетекшілік жасау совхоз директоры, Социалистік Еңбек Ері Ұ. Нұрсейітовке жүктелген. Ұйымдастыру іскерлігі аса жоғары директор сонымен бірге өндірістік бригаданың материалдық-техникалық жағынан жабдықталуына да жауап береді. Ал құс фабрикасының директоры Г. Шкуратов оқушылардың өндірістік бригадасының құрамындағы құс өсірушілер звеносына қамқорлықты өз қолына алған. Ал мен мектеп директоры ретінде оқушыларды еңбекке баулу жұмысының өндірістік және тәрбиелік міндеттерден туындайтын мәселелеріне басшылық жасаймын. Советтің құрамында бірнеше мұғалімдер бар. Мәселен, ауыл шаруашылығы механизациясының негізі бойынша сабақ жүргізетін Н. Кулищев жоғары класс оқушыларының өндірістік еңбекке практикалық жағынан даярлануына жетекшілік етеді. Ал биология пәнінің мұғалімі Н. Иванова оқу-тәжірибе учас-

кесінде оқушылармен тәжірибе жұмыстарын жүргізеді. Оның жұмысына совхоз агрономы А. Нимиткин тікелей араласып, практикалық көмек көрсетеді. Физкультура пәнінің мұғалімі Н. Семенов бригададағы спорттық сауықтыру жұмысына басшылық жасайды. Бастауыш партия ұйымының секретары В. Волгин комсомол оқушыларының саяси-көпшілік жұмыстарын жүргізуге жетекшілік етеді. Міне, жұмысты осылайша ұйымдастыру өндірістік бригада мүшелерінің жауапкершілігін арттырып, өз жұмыс учаскелеріндегі атқарылуға тиісті жұмысты тындырымды жүргізуге жетелейді.

Совет жыл сайынғы перспективалық жұмыс жоспарын жасауға тікелей басшылық жасайды. Бұл жоспарда өндірістік бригаданың жыл бойы атқарылмақ жұмыс ауқымын белгілеумен бірге кәсіби бағдар белгілеу, мектеп бітірушілерді жұмысқа орналастыру немесе өз тілектері бойынша оқу орындарына шығарып салу мәселелері қамтылады.

Оқушылардың алаңсыз жұмыс істеуі үшін бригаданың материалдық-техникалық базасының барынша нығайтылуына шешуші маңыз берген жөн. Бұл бізде қалай жүзеге асырылып отыр. Мектеп шеберханасы металл және ағаш өңдейтін станоктармен, өлшейтін приборлармен және құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Ауыл шаруашылығы механизациясының негізі кабинетінде ауыл шаруашылығы техникаларының барлық двигателдері орналастырылған. Сондай-ақ трактор, комбайн, агротехника, агрохимия, құс шаруашылығына байланысты көрнекі құралдар жеткілікті.

Ал оқушылардың дала қосында агрохим.лаборатория жұмыс істейді. Оқушылар топырақтың химиялық құрамын зерттейді. Сөйтіп, бригада егістік алқабының картасын жасаған. Сол бойынша тәжірибе жұмыстары жүргізіледі. Бригадада 5 трактор, 2 комбайн, ауыл шаруашылығының басқа да тіркемелі құралдары бар.

Өндірістік бригададан басқа пионер жасындағы оқушыларды қамтитын еңбек және демалыс лагері жұмыс істейді. Бұл негізінен бесінші еңбек тоқсанында жүргізіледі. Лагерь жыл сайын 200-ге жуық шәкіртті қамтиды. Біз бұл оқушыларды өндірістік бригаданың болашақ резерві деп есептейміз. Сондықтан да бұлармен жүргізілетін жұмыс педагогикалық іскерлікті, икемділікті, творчестволық ізденісті талап етеді. Олай болса бастауыш класс оқушыларымен өндірістік бригада мүшелерінің арасындағы байланыс-

ты үзбеудің принципті маңызы бар. Біздің орта мектеп коллективінің жүргізіп отырған жұмысы да осыған саяды.

Р. Жасауиев, Көкшетау аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі:— СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1981—1985 жылдардағы және 1990 жылға дейінгі кезенге арналған негізгі бағыттарында: «Мектепте еңбек, адамгершілік және эстетикалық тәрбие берудің формалары мен әдістері жетілдірілсін. Жас өспірімдерді кәсіпке бағдарлау жөніндегі жұмыс күшейтілсін» деп атап көрсетілген. Осы қағидаға сүйене отырып, алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру бағытында халық ағарту жүйесіндегі қызметкерлеріміз біршама жұмыстар жүргізіп келеді.

Шәкірттерді еңбекке баулу бастауыш кластардан қолға алынатындығы мәлім. Сондықтан да ол кластарда жетекшілер маман да іскер, еңбек сабағын шебер игерген ұстаздардың болғандығы жөн. Л. Дорогова, А. Қарапалова, А. Рудь, З. Сурин сияқты шәкірттер көңіліне еңбектің ұлы күшін ұялата білетін ұстаздарымыз бар. Куропаткин, Краснояр, Гранитный мектептері бастауыш класс оқушылары сабақтар мен экскурсияларда ауыл шаруашылығы дақылдары мен малдың түрлері, еңбектің жеңіл формалары мен құрамдарынан алғашқы мағлұматтар алады. Ата-аналарының жұмысымен танысу үшін кәсіпорындар мен фермаларға, егіс алқаптарына барады. Еңбекке баулудың маңызды кезеңі 4—8-кластар аралығында өтеді. Онда шәкірттер өз білімдерін тереңдете түседі. Практикаларын одан әрі жетілдіріп, аспаптар мен станоктарды, қондырғыларды, дыбыс пайдалану жолдарын үйренеді.

Өз оқушыларын еңбекке етене етіп тәрбиелеуде, жұмыс істеу машығын үйретуде Бірлестік орта мектебінен Ф. Толпыгин, № 2 Краснояр орта мектебінен Қ. Тәшібаева, Куропаткин орта мектебінен О. Гринко, Абай орта мектебінен К. Арынғазиндерді атаған жөн.

Ауданымызда оқушылардың өндірістік бригадалары жұмыс істей бастағанына 10 жыл болды. Бүгін баршамыз көз жеткізіп отырғанымыздай, оқушылардың жазғы практикалық жұмысы еңбекке коммунистік көзқарасты орнықтыруға, елімізде қалыптасқан революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлеріне адалдық сезімін нығайта түсуге көмектеседі. Демек, оқушылардың өндірістік бригадасы жас ұрпаққа саналы да сапалы білім берудің, еңбекке баулудың өміршең жүйесін жетілдіре беруге деген үмітті ақтап отыр деуімізге толық негіз бар.

Сондықтан да оның саны мен жұмыс нәтижелері жыл-

дан-жылға артып келеді. Өткен жылы оқушылардың өндірістік бригадаларының саны 14-ке, сегіз жылдық мектептердегі өндірістік звенолар саны 4-ке жетті. Онда қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылданатын оқушылар саны бір мыңнан асып түсті. Бригада мүшелері он бір егістік, он төрт мал шаруашылығы, отыз көкөніс, екі орманшылық және он үш құрылыс звеноларына бөлінген. Өндірістік бригадаларға 836 гектар жер, 18 трактор, 4 комбайн, 32 ауыл шаруашылық құралдары бекітілген.

Болашақ диқандар 273 гектар алқаптан 5514 центнер астық, 152 гектар жүгеріден 8208 центнер көкбалауса, 90 гектардан 9800 центнер көкөніс және 95 гектардан 19000 центнер картоп алды. Мал шаруашылығындағы өндірістік звеноларға 900 бас қой мен қозы, 700 бас ірі қара мен бұзау, 300 мегежін мен торай бекітілген. Жас құрылысшылар мал қораларын жөндеуге қатысып, 30 мың сом қаржы игерді. Ағаш өсірушілер 10 гектар алқапта жасыл желек жайқалтып, оны мәпелеп күтуде.

Аудандағы ең жақсы бригада «Күсеп» совхозында өндірістік есепке алынған. Өткен жылы бригада мүшелері 230 гектар егістіктің әр гектарынан 25 центнерден, 70 гектар жүгерінің әр гектарынан 250 центнерден, 40 гектар картоптан 200 центнерден өнім жинады. Жазда 40 гектар пар, күзде 450 гектар зябь жыртты.

Мектеп бригадасы жұмысты комплексті істеді. Оның құрамында мал шаруашылығы мен құрылыста еңбек ететін звенолар да болды.

Оқушылардың өндірістік бригадасында жұмыс істегендердің басым көпшілігі туған совхозында қалды. Еленовка орта мектебінің өндірістік бригадасы хақында да осындай жылы лебіз айтылып келеді. Көкөніс өсіруде үзбей еңбек етіп жүрген № 2 және № 1 Краснояр орта мектептерінің бригадалары үнемі аудан мен облыс жүлдегерлері қатарынан көрінеді.

Өрелі де өркенді істі жылдан-жылға жетілдіре беруге партия, совет, комсомол ұйымдары мен шаруашылық басшыларының ұдайы назарын аударып, ауданның халық ағарту қызметкерлері жас өспірімдерге сапалы тәрбие беру сияқты абзал іске жан-тәнімен беріле, творчестволықпен қызмет етпек.

С. Хамидуллин, Чкалов ауданы, Қараағаш орта мектебінің директоры: — Біздің мектебіміз Абай атындағы совхоз коллективімен көп жылдардан бері дәстүрлі тығыз бай-

ланис жасап келеді. Соңғы уақытта бұл байланыстың формалары өзгеріп, түрлене бастады.

Бұл байланыстың жұртшылық пен мектептің ынтымағы, өндіріске жас өрендердің экскурсия жасауы, сондай-ақ еңбек ардагерлерімен және озат жұмысшылармен кездесулер өткізуі, қоғамдық класс жетекшілері мен ақылшы-ұстаздар тағайындау сияқты формалары өмірге кеңінен енгізілуде. Мектеп оқушылары революциялық мерекелерді, айтулы даталарды, совхоз өміріндегі айта қаларлық оқиғаларды бірге атап өтетін болды.

Өскеген ұрпаққа коммунистік және еңбек тәрбиесін беру мәселелері совхоз партия ұйымының үнемі назарында болып, оның жұмыс жоспарында көрініс табады, сондай-ақ партия жиналыстарында жүйелі түрде талқыланып отырады.

Еңбек тәрбиесі коммунистік тәрбиенің аса маңызды құрамдас бөлігі десек, оның біздің мектептегі неғұрлым пәрменді формасы 1973 жылы құрылған оқушылардың өндірістік бригадасы болып отыр. Үлкендердің күнделікті қамқорлығы мен көмегі арқасында еңбек өмірбаянын бертінде бастаған бұл бригада совхоз өндірісінде лайықты орнын ала білді. Бригада осы жылдарда өзіне қабылдаған социалистік міндеттемелерін үнемі орындап, аудандағы әріптестері ішінде тұғыр биігінен түскен емес. Ал 1976 жылы облыс бойынша жүлделі үшінші орынға ие болды.

Бригаданың өндірістік базасы жақсы. Оған осы заманғы қажетті техника бекітіліп, дала қосы жабдықталып, шұрайлы жерлер берілген. Совхоз бригадаға арнаулы орта білімі бар нұсқаушы-жетекші, бірінші класты шофер және аспаз тағайындады. Өткен жылы астықтың орташа шығымдылығы совхоз көрсеткішінен жоғары болды. Сондай-ақ бізді құрылысшылар звеносының табыстары қуанышқа бөлейді. Құрамында 30 адамы бар олар № 1 бөлімшенің мал қораларын жөндеуге көмек көрсетті.

Бірақ біз оқушылардың өндірістік бригадасының мән-маңызы қосымша өнім өндіруде, материалдық пайда келтіруде ғана деп есептемейміз. Бұл — еңбек мектебі, үлкен өмір мектебі, тәрбие мектебі. Ол оқушының еңбекке деген көзқарасын, яғни еңбек сүйгіштігін қалыптастырып, болашаққа жүрер жолын, меңгерер мамандығын бағдарлауға мүмкіндік туғызады.

Мектеп оқушыларының өндірістік бригададағы жұмысы еңбек машығына үйретіп қана қоймай, сонымен қатар жерге, нақты іске деген ықылас-ынтасын оятып, мектеп бітіру-

шілерді совхоз шаруашылығында тұрақтандыруға игі ықпалын тигізеді. Мысалы, көптеген түлектеріміз қазіргі уақытта туған селосында маман, механизатор және фермада малшы болып еңбек етіп жүр. Бұлар біздің мектебіміздің де, әрі совхозымыздың да мақтанышына айналған. Олардың ішінде шебер механизаторлар Қ. Байзуллиннің, В. Штумфтың, И. Калининнің, облыстық Советтің депутаты озат сауыншы Г. Штумфтың, бақташы Б. Ахметовтың есімдерін атап өткен ләзім. Олардың бәрі еңбектің қадір-қасиетін және өздерінің азаматтық борыштарын мектеп қабырғасында жүргенде-ақ түсініп, совхоз өндірісіне жүрек қалауымен келген болатын.

Соңғы бес жылда мектептің 119 түлегі механизатор мамандығына не болып, олардың көпшілігі туған совхозында қалып, табысты еңбек етуде. Жас механизаторлар ауыл шаруашылығы техникасын, механизмі мен жабдықтарын тез игерді. Мектеп түлектерінің жұмысын совхоздың дирекциясы, партия ұйымы мен бас мамандары жоғары бағалайды. Олар халық шаруашылығын маман кадрларсыз өркендетуге болмайтынын жақсы түсінеді. Ал бұл міндет институттарда, арнаулы орта оқу орындарында, егістік алқаптарында ғана емес, сонымен бірге мектеп партасында, оқу кабинетінде шешілуге тиісті.

Бүгінгі мектеп оқушылары — ертенгі еңбеккер азаматтар. Біздің совхоздың үлкені де, кішісі де, оқушысы да өздерінің ортақ мақсат жолында бірге күресетінін жақсы біледі. Сондықтан да болар, совхоз бізге мектеп салып берді. Осының арқасында оқушылар тек бір сменада оқитын болды. Қосымша сабақтар, үйірмелер жұмысын, класстан тыс жиындарды өткізу үшін кең мүмкіндіктер туды.

Жас ұрпаққа кәсіби бағдар және еңбек тәрбиесін беру ісі — маңызды мемлекеттік іс. Сондықтан мектебіміздің педагогикалық коллективі осы орайдағы келелі міндеттерді шешу жолында күш-жігерін аямай еңбек ететін болады.

Н. К. Михайлова, Куйбышев ауданы, Дружба орта мектебінің директоры: — Бұдан төрт жыл бұрын мектепке оқушылардың өндірістік бригадасы құрылған болатын. Коллектив жыл сайын өзінің құрамын толықтырып тұрады. Мектеп бітірушілердің біразы біржола өндірісте қалып, олардың орнына 6—7-класс оқушылары келеді. Жыл басында бригаданың есебі тыңдалады. Өткен мерзімге шолу жасалып, кемшіліктер айтылып, жетістіктер екшеліп, алдағы уақытқа жоспар жасалады. Әдетте, бригаданың актив құрамы 9-класс оқушыларынан іріктеледі. Бұл мәсе-

леге көп көңіл бөлінеді. Өйткені оқушылардың еңбекке деген ынтасын арттыруда, ұйымдастыру ісінің ұтымдылығында белсенді топ үлкен роль атқарады. Бұған сайланатындар көбіне оқу озаттары, өздерін жақсы қырынан көрсетіп, қабілеттілігімен танылған комсомол мүшелері. Сондай-ақ шаруашылық тарапынан ұстаз жетекшілер, мамандар да бұл құрамға енеді. Мәселен, биылғы жылы бригада активіне 10 адам сайланды. Бригадир — И. Толстый, комсорг — Н. Ерпылева, звено жетекшілері — С. Михайлов, В. Реутович, В. Абрамов, жастар ұстазы, № 1 трактор-егіс бригадасының бригадирі — В. Бейлнер. Сондай-ақ мектеп директоры Н. Михайлова, совхоз директоры Н. Грицай, бас агроном П. Колбаско және оқушылардың өндірістік бригадасының ұйымдастыру жұмысына жауап беретін С. Вержиковский белсенді топтың құрамына енді. Бұлар бригада советінің мүшесі міндетін де қоса атқарады.

Бригада советі жүргізетін жұмыстар да әр алуан. Ол өндірістік және тәрбиелік істерді жүзеге асырудағы басқарушы орган болып табылады. Жоспарлар алдымен актив мәжілісінде талқыланып, сонан соң барлық коллективке мәлімделеді. Оқушылардың демалысы мен еңбек етуіне толық мүмкіндіктер жасау, бригада мүшелерінің жақсы тұрмысына жағдай туғызу да совет атқаратын істердің бірі. Жалпы алғанда, коллективті басқару белсенді топтың тікелей инициативасы арқылы жүргізіліп отырылады.

Шаруашылық жұмысы сан-салалы болғандықтан, советтің шешімі бойынша бригада үш звеноға бөлінген. Олар — болашақ егіншілер, овощ өсірушілер, малшылар звеносы. Сөйтіп, бұл үш саланың жас мамандарына да бір орталықтан бригадалық совет басшылық жасайды. Мұның өзі, бір жағынан, жас өспірімдердің қалаған мамандық түрін таңдап алуына мүмкіндік туғызса, екіншіден, бақылау мен іске деген жауапкершілікті арттыруда ұтымдылығын тәжірибе көрсетті.

Оқу жылы басталысымен егіншілер звеносы қызу дайындыққа кіріседі. Машинатану сабағында ауыл шаруашылығы техникаларын меңгеруді үйренеді. Трактор мен комбайнда жұмыс істеудің қыр-сырын, оның технологиясын үйренеді. Осы пәнге қатысты материалдар толық өтіліп болған соң оқушылар теориялық және практикалық мәселелерді ұштастырып, емтихан тапсырады. Соңғы жылдарда мектеп қабырғасында жүріп 100-ден астам жас өспірім механизаторлық куәлікке ие болды.

Май айы келгенде диқандар қауымы қауырт науқан —

дән себуге кірісетіні белгілі. Осы кезде оқушылардың өндірістік звеносы егін далаларына шығады. Мұнда «Дружба» совхозының орталығынан 13 шақырым жерде дала қосы бар. Жас егіншілер осында қоныстанады. Екі қос та бүгінгі талапқа сай жабдықталған. Оның бірі жатар орын мен қызыл мүйіс, екіншісінде асхана мен монша орналасқан. Қызыл мүйісте оқушылар бір сәт телевизор көріп, радио тыңдай алады. Көрнекі құралдар звено мүшелерінің өз күшімен жасалынған. Қос айналасының көгалдандырылуы да солардың еншісінде. Ойын алаңдарында жұмыстан бос кезеңде спортпен айналысуға да мүмкіндік мол. Бұл салада да оқушылардың өз қолтаңбалары бар.

Әрине, звено мүшелерінің негізгі мақсаты — егін өсіріп, диқандық кәсіпке бейімделу. Бұл үшін шаруашылықпен тығыз байланыста болу қажет. Өйткені совхоз тарапынан болған диқандарға қажетті ауыл шаруашылық техникалары бөлініп, басқа да қамқорлықтар жасалып тұрады. Мысалы, биыл шынжыр табан ДТ-75 маркалы 5 трактор, 3 комбайн, 6 СЗС-2,1 дән себетін сеялка звено мүшелерінің еншісіне берілді. Бұдан басқа түрлі ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру үшін мектептің ГАЗ-51 автомашинасы мен доңғалақты Т-25 тракторы пайдаланылып жүр.

Егіншілерге 238 гектар егістік алқап бөлінген. Оқушылар оны өздері өндеп, күтіп-баптайды. Мұның барлығы технологиялық картаға сәйкестендіріліп жүргізіледі. Жыл өткен сайын тәжірибе де жинақталып келеді. Оны мынадай салыстырмалы цифрлардан аңғару қиын емес. 1979 жылы 238 гектарға дән себуді 7 күнде аяқтаса, 1980 жылы 6 күнде, биыл 5 күнде аяқтап отыр. Тағы бір мысал. Өткен күзгі егін жинау науқанында звенодағы механизаторлар 343 гектар жердің егінін орып бастырды. Яғни өз меншіктерінен басқа 105 гектар алқаптың алтын дәнін жинап, совхозға көмек көрсетті. Олардың күтіміндегі егістіктің әр гектарынан 17,3 центнерден өнім алынды. Жалпы Отан қоймасына 408 тонна астық құйған өндірістік звеноның мүшелері шаруашылыққа қосымша көмекке келіп, 89 тонна арпа бастырды. Бұл істе көзге түскендердің қатарында И. Толстый, С. Михайлов, А. Михайлов, О. Краснов, В. Абрамов, В. Реутович, В. Малазин тағы басқалар бар.

Балғын диқандардың еңбектегі жетістігі әкелері мен ағаларын қуантуда. Олар өздерінің сенімді ізбасарларына мол үмітпен қарайды. Иә, олар болашақ диқандар.

Бригададағы малшылар звеносы егінші әріптестерінен қалысар емес. Оның құрамы тек қана 5-класс оқушылары-

нан іріктеліп алынған. Жас малшылар жыл бойына еңбек етеді. Оларға тәжірибелі бақташы С. Малоголовец ұстаздық етеді. Малдың қондылығына баса назар аударылады. Оқушылардың күтіміндегі бұзаулардың тәуліктік салмақ қосу көрсеткіші жыл санап артып келеді.

Балбармақ сауыншы қыздарды апалары жаз айында асыға күтеді. Олар ересектерден тіпті де қалысар емес. Егер Г. Мудренко, С. Трухина, И. Николаева, Л. Фролова-лармен сөйлесе қалсаңыз «біз апаларымыздың ерен еңбегін жалғастыруды мақсат етеміз» деп шаттана әңгімелеп береді.

Мал баққанға бітеді. Жас малшылар мұны жанымен ұғып түсінеді. Осынау кәсіпке бет бұрғандар шын мәнінде еңбектің адамға абырой әперетінін біледі. Сондықтан да олар барлық күш-жігерін аямай осы іске жұмсап жүр.

Оқушылар көкөніс түрлерін өсірумен де шұғылданады. Әр гектардан 210 центнерден капуста өнімін алып жүр. Өткен жылы 15 гектар жерден мол картоп жиналды. Биыл да еңбектеніп, шаруашылықты қапустамен қамтамасыз етпекші. Ал күзде картоп жинауға кіріседі.

Олардың арасында да көзге түсіп, өз мамандығын жақсы меңгергендер бар. Бұл істің шеберлері — И. Алексева, Г. Теняева тағы басқалар. Оқушылардың овощ өсірушілер звеносы да сертке берік.

Бригада мүшелері тек қана еңбек етумен шектелмейді. Жұмыстан бос уақыттарында көңілді дем ала біледі. Советтің тікелей басқаруымен тәрбиелік жоспардағы мәдени-көпшілік шаралар жүзеге асырылады. Тәжірибе жинақтау мақсатымен еңбек озаттарымен жиі-жиі кездесу кештері өткізіліп тұрады. Социалистік жарыстың қорытындысы талқыланып, кемшіліктер мен жетістіктерді көрсететін «Жауынгерлік листоктар» шығарылады.

Мектепке оқушылардың өндірістік бригадасының құрылуы туған аулында қалып, еңбекке араласушы жастардың қатарын молықтырды. Мәселен, шаруашылықтың белсенді механизаторлары П. Қоренев, А. Абрамов, А. Качанов, В. Мясник, В. Ситников, Н. Веденев, В. Слепых, Ю. Селезнев бұрын өндірістік бригаданың мүшелері еді. Биыл мектеп бітірушілердің есебінен олардың қатары тағы да толыға түспек. Иә, оқушылардың өндірістік бригадалары — еңбек пен тәрбие ордасы. Оны біз Дружба орта мектебінің атқарып отырған игі істерінен айқын аңғарамыз.

Н. Шойкин, Ленин аудандық оқу бөлімінің инспекторы: — «Бесінші тоқсан — еңбек тоқсаны» деген сөз оқу-

шылардың жанына жақын, етене таныс. Бұл кезде олар өндірістік бригадаларда еңбек етеді. Егер байыптап қарасак, «еңбек тоқсаны» деуіміздің астарында үлкен мағына жатыр. Ол бір жағынан, оқу жылының жалғасы, ауыл шаруашылығында мақсат көздеп еңбек ету, машинаны меңгеру, коллектившілдікке үйрену сияқты игі істердің тұтқасы. Өндірістік бригадалардың негізгі міндеті оқушыларды коммунистік еңбек қатынастарына тәрбиелеу, олардың қоғамдық белсенділігін арттыру, жас өспірімдердің болашақ мамандығын дұрыс таңдауына ықпал ету болып табылады. Сондай-ақ, оқушылардың демалуға, дене тәрбиесі ісімен айналысуға мүмкіндіктері бар. Еңбек тоқсаны кезінде түрлі мәдени-көпшілік шаралар жүзеге асырылады. Ал ең бастысы жас өспірімдер еңбектің баспалдағынан аттап, елдің экономикалық және мәдени-тұрмыстық дамуы жолында пайдалы іс атқарады. Олар мектеп қабырғасынан тек білім ғана алып қоймайды, сонымен бірге белгілі бір кәсіпке бейімделеді.

ҚПСС XXII съезі атындағы орта мектептің өндірістік бригадасы міне, осындай игі істерді жүзеге асырушылардың бірі. Бұл еңбек ордасына айналған коллектив бұдан жиырма жылдай бұрын құрылған болатын. Қазір бригаданың ролі мен беделі өсті. Мектеп әкімшілігіне жас еңбеккерлердің құрамын толықтыру қиынға түспейді. Өйткені бригадаға мүше болуға тілек білдірушілер саны жыл сайын арта түспесе, кеміген емес.

Тәжірибе көрсеткеніндей, оқушылар егіс даласының нағыз қожасы бола алды. Оларға сенім көрсетіліп, жер, техника, қажетті басқа да құрал-жабдықтар бөлініп берілді. Бұларға жас өспірімдер ұқылтылықпен, жауапкершілікпен қарап жүр. Қазір бригадада бір шынжыр табанды ДТ-75, екі доңғалақты трактор, ауыл шаруашылығы құралдары бар. Бригададан-жыл сайын совхозға жас мамандар даярлапып шығып, еңбекке араласып жатады. Мұндай түлектер ішінен И. Пфайф, Л. Мамай, А. Сағитов, Ғ. Қайырмұллин сияқты озат механизаторлардың есімін ауыл адамдары мақтанышпен ауызға алады.

Өздерінің қолқанаттарына совхоз басшылығы тарапынан да көңіл бөлініп, ұдайы көмек көрсетіліп отырылады. Мамандар тиісті нұсқаулар, ақыл-кеңестер береді. Қажетті бөлшектермен қамтамасыз ету инженерлік қызметтің мамандарына міндеттелген. Коллектив мүшелері мерекелік және жұмыс киімдерін шаруашылықтан алады. Өздерінің әкелері мен ағаларының мұндай қамқорлығына оқушылар

іспен жауап беруде. Мәселен, өткен жылы бригададағы 32 адам 80 гектарға жүгері, 500 гектарға бидай, 20 гектарға азықтық қызылша өсіріп, жаз бойы оларды күтіп-баптады. Әр гектардан алынған өнім совхоздың орта көрсеткішінен асып түсті. Бір қуанарлығы, жыл өткен сайын өнімнің өнімділігі артып отыр. Бұл коллектив мүшелерінің тәжірибе жинақтай түскенін көрсетеді. Соңғы үш жылдың көрсеткішіне назар аударғанда мұны аңғарту қиын емес. 20 гектар жерде өсірілген азықтық қызылшадан 1978 жылы 3400, 1979 жылы 4200, өткен жылы 6469 центнер өнім алынды. 7 гектарлық алқаптан аталмыш жылдарда 540, 580, 672 центнер картоп жинап алынды. Жүгері өнімділігі уақыт озған сайын өсіп отыр. Ол бұдан үш жыл бұрын 11500 центнер болса, бесжылдықтың соңғы жылында 13400 центнерге жетті. Мұндай салыстырмалы цифрларды бригаданың атқарған істерінен көптеп мысалға келтіруге болады.

Коллективте еңбек тәртібі жақсы жолға қойылған. Жауапкершілік пен ұқыптылық әрбір жас еңбеккердің бойына сіңген қасиет деуге болады. Олар мұнда өздерінің ұйымдастырушылық қабілеттерін шындайды. Бригада өзін-өзі басқару принципімен жұмыс жүргізеді. Сондықтан оның түлектері мектеп бітірген кезде еңбек тағылымын ғана үйреніп қоймай, өз беттерінше өмір сүруге де бейімделеді.

Оқушылардың еңбек бірлестіктері жас өспірімдерді еңбекке баулумен қатар оларды идеялық-саяси және адамгершілік тәрбиесіне үйретеді. Бұл іс кештер өткізумен, диспут, түрлі конкурс және басқа да мәдени-көпшілік шаралары арқылы жүзеге асырылады. Оған басшылықты тікелей комсомол комитеті мен бригада советі бірлесе отырып жасайды. Осындай игі жұмыстар оқушылардың еңбек тоқсаны табысты әрі қызықты өтуіне ықпал етеді. Бригаданың жемісті жетістікке жетуі аталған шаралардың сәтті жүзеге асырылуында екендігінде дау жоқ.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЛЕТ ӘСЕРЛЕРІ

1981 жылдың 14 июлі күні Ленин орденді Көкшетау облысының орталығы — Көкшетау қаласы ерекше бір қуанышты да салтанатты шақты қарсы алғандай, көңілдің көтеріңкі күйін білдіргендей жадыраңқы қалыпта еді. Тап сол күні мектеп оқушылары еңбек бірлестіктерінің республикалық ІХ слеті салтанатты жағдайда ашылды.

Слетке кең-байтақ күн сәулетті Қазақстанның барлық

облыстарынан мектеп оқушылары, өндірістік бригадаларының белсенді өкілдері қатысты. Олар өзара пікір алысып, еңбек тәрбиесінің актуалды проблемаларын жан-жақты сөз етумен бірге өмірдің қомақжайлылықпен қуана қарсы алған өрденгі облысымыздың ондаған мектептерінің қасында өмірге жолтама алған өндірістік бригадалардың өкілдерімен кездесті. Дәлкі Одаққа мәлім Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанған Арықбалық орта мектебінің жанындағы оқушылардың өндірістік бригадасының жұмысымен жан-жақты танысты. Сондай-ақ өздеріне керекті тәжірибе жинақтап, бригада мүшелерімен сұхбаттасып, көңілділікті толғандырып жүрген жайлар төңірегінде кеңінен пікірлесті.

Слет ондаған, жүздеген жас арман иелерін пікірлестіріп, табыстырды. Болашақ жарқын істерге бағыт сілтеп, келешек күндердің көкжиегіне батыл құлаш ұруға шақырғандай болды.

Ендігі әңгіме облыс орталығы Қөкшетау қаласында өткен мектеп оқушыларының еңбек бірлестіктерінің республикалық ІХ слеті жайлы болмақ.

14 июль. Көкшеде тағы бір жадыраған еңбек таңы атты. Бұл күні облыс орталығында мерекелік шеру, мектеп оқушылары еңбек бірлестіктерінің республикалық ІХ слетінің салтанатты ашылуы болып жатты. В. И. Ленин атындағы Сарайдың кең залында балғын әуезді, сазды ән естіледі. Бұған әр тұстан қуанышты күлкі, жарасымды әзілдер ұласты. Мұнда жиналғандар әр облыстың өкілдері болғандықтан, айтылар әңгіме де, ортаға салар пікір де мол болатын.

Көп ұзамай слеттің салтанаты басталды. Облыстық оқу бөлімінің менгерушісі А. С. Дудкина бастаған көкшетаулықтарға Солтүстік Қазақстан облысының өкілдері республикалық слеттің эстафетасын тапсырып, игі тілектер білдірді. Бұдан кейін слет штабының бастығы М. Садуақасов әр облыстың өкілдерін бастап келген комиссарлардың рапортын қабылдады. Сөйтіп, слеттің осындай салтанатты ашылуы мінбеден айтылған келелі пікірлерге, толғамды ойларға жалғасты.

— Еңбек дайындығының базасы материалдық жағынан нығая түсті,— деді Қазақ ССР Оқу министрі К. Б. Балахметов жолдас слетте жасаған баяндамасында.— Мәселен, барлық облыстар мен Алматы қаласындағы мектептерде 124 оқу-өндірістік комбинаты жұмыс істейді, мұның өзі тәжірибе көрсеткеніндей, жоғары класс оқушыларын еңбекке

тәрбиелеуде перспективалы форма екендігін айқын аңғартты. Сондай-ақ 420 орта мектепте машинатану пәні оқытылады. 1125 орта мектепте трактор, комбайн және басқа ауыл шаруашылық машиналары мамандығы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мектеп оқушыларының еңбек бірлестіктері сапалық және сандық жағынан қатар өркендеп келеді. Әрбір мектептің өміріне бесінші еңбек тоқсаны мықтап енді.

Өндірістік бригадалардың еңбек және демалыс лагерьлерінің, мектеп орманшылығының, тағы басқа бірлестіктердің құрылуы оқушылардың жазғы жұмыстарға қатысуына, көңілді тынығуына мүмкіндіктер туғызып отыр.

Мұның өзі жас өспірімдердің үздіксіз еңбектенуіне, сөйтіп, оқу-тәрбие ісін жыл бойына үздіксіз жүргізуіне ықпал етеді.

Көкшетауда 1967 жылы республикалық III слет өткен болатын. Оған 60 мың оқушыны біріктіретін 725 бригадadan делегаттар қатысқан. Ал қазір өндірістік бригадалардың саны 2588-ге жетті. Түрлі еңбек бірлестіктерінің саны — 13 мың. Биылғы жазғы практикалық жұмыстарға 600 мыңнан астам жоғары класс оқушылары қатысуда. Оның 70 проценттен астамы — ауыл шаруашылығында.

Өткен жылы бригадаларда еңбек еткен 160 мыңнан астам жас диқандар 180 мың гектар жерге астық өсіріп, қазақстандық кезекті миллиардқа сүбелі үлес қосты. Олар Отан қоймасына 10 миллион пұт астық құйды. Мұның ішінде көкшетаулықтар 2 миллион, қостанайлықтар 700 мың пұттан астам, торғайлықтар 580 мың пұт маржан дәнді ел игілігіне табыс етті. Шымкент облысының жас мақташылары 15 мың тонна «ақ алтын», қызылордалықтар 25 мың центнер күріш өндірді.

Қазір республикамыз бен байтақ елімізге танымал Көкшетау облысындағы Арықбалық, Имантау, Солтүстік Қазақстандағы — Чистов, Қостанайдағы — Бөрлі, Целиноградтағы — Максимовка сияқты мектептердің өндірістік бригадалары біздің шамшырақтарымыз деуге болады.

Осылардың ішінен Арықбалық ауданындағы оқушылардың өндірістік бригадаларының өткені мен бүгінгісіне тоқтала кетейік, — деді шешен. — Ауданда алғашқы бригадалар Арықбалық, Имантау және Төменгі Борлық орта мектептерінде бұдан жиырма жылдан астам бұрын құрылды. Қазір аудандағы барлық мектептерде өндірістік бригадалар жұмыс істейді. Олардың мүмкіндіктеріне қарай жер

мен техника бөлініп берілді. Бұлардың ішінде толығымен шаруашылық есепке көшкендері бар.

Мәселен, Арықбалық орта мектебінің өндірістік бригадасының 980 гектар егістік алқабы бар, сондай-ақ 524 бақ бұзауды күтімге алу үшін механикаландырылған қора-жай, 150 сиырға арналған механикаландырылған сауын алаңы оқушылардың еншісінде. Бригадаға 8 трактор, 2 «Нива» комбайны, қажетті ауыл шаруашылық құрал-жабдықтары бөлінген. Дала қосында немесе еңбек және демалыс лагерінде 160 орындық екі корпус, 80 орындық асхана, монша, би алаңы пайдалануға берілген. Мұндай база Имантау, Константинов және басқа да оқушылардың өндірістік бригадаларында жас өспірімдердің игілігіне айналған.

Республикамыздың оңтүстік аймақтарындағы өндірістік бригадалардың жарқын істерін айтпай кетуге болмайды. Олар халық шаруашылығына қажетті дақылдарды — қант қызылшасы, күріш, мақта, тағы басқаларды өндірумен айналысады.

Тек бір ғана мысал. Шымкент облысы, Пахтаарал ауданындағы Бірлік орта мектебінің өндірістік бригадасы 1970 жылы «Ленин жолы» колхозында құрылған болатын. Олар жүзім және бақша өсірумен айналысты.

Бригада құрамы 100 оқушыдан тұрады. Оның ішінде 20 жас өспіріммен құрылған механизаторлар звеносы жұмыс істейді. Коллектив мүшелеріне басшылық жасауға жұмысшылардан үш жетекші, мақта жинайтын комбайн, 2 автомашина, тракторлар бөлінген. Дала қосы толық жабдықталған. Онда 100 орындық асхана, кітапхана, оқу залы, жататын орын, спорт алаңы оқушылардың игілігінде. Колхоз жастарға ұстаздық етуге тәжірибелі агроном Т. Нұрахметовті бекіткен. Ал Пахтаарал тәжірибе станшасының қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты К. Өзекбаев оқушылардың тәжірибе істерін жүргізуіне басшылық жасайды.

Бұдан кейін Қ. Б. Балахметов жолдас мектеп орманшылықтарының бүгінгі жай-күйіне тоқталды. Республикада 167 мектеп орманшылығы құрылды, оның қатарында 8 мың жас өспірім бар. Олар 68 мың гектардың жасыл желегін күтіп-баптауда.

Еңбек бірлестіктерінің жұмысында еңбек және демалыс лагерлері маңызды роль атқарады. Өйткені жаз айларында өндірістік бригада мүшелерінің 70 проценттен астамы осында практикалық жұмыстармен айналысады. Республикада еңбек және демалыс лагерлерінің саны 1101-ге жетіп

отыр. Онда әр маусымда 180 оқушы еңбек тоқсанын өткізе алады. Бұл форма Целиноград облысында жақсы жолға қойылған.

Аталмыш облыста жаз айларында жас өрендер овош өсіріп, дала жұмыстарымен шұғылданады. Мұнда 16 стационарлық ірі еңбек және демалыс лагерьлері жұмыс істейді. Мысалы «Буревестник» еңбек және демалыс лагерін алайық. Ол 1974 жылы Целиноград қаласындағы Совет ауданының өндіріс орындары жұмысшыларының балаларына арналып салынған еді. Алғашқыда мұнда не бары 300 орындық бір корпус болса, қазір оның саны 11-ге жетіп отыр. Талапқа сай асхана, клуб, суға шомылып, күнге қыздырынуға арналған жаға-жай, спорт комплексі қосылған. Бір қызығы, мұнда математикалық және биологиялық мектептер жұмыс істейді. Мұның өзі жас өспірімдердің еңбекке деген ынтасын арттырады, көңілді дем алуына мүмкіндік туғызады.

Жоғары класс оқушыларының «Көгілдір патрульдер» отрядтарының өзіндік үлес салмағы бар. Республикада мұндай коллективтер 1 мыңға жуық және өздерінің сапына 40 мың комсомол мүшесін біріктіреді. Бұл игі іске Целиноград, Павлодар, Семей, Орал, Жамбыл, Қарағанды тағы басқа облыстардың жүргізген жұмыстарын жақсы жағынан атап өтуге болады.

Семей облысының оқушылары мен шаруашылығы саласында комсомол-жастар бригадасын құру туралы үндеу қабылдаған еді. Қазір республикадағы мұндай 1274 бригаданың құрамында 5 мың мектеп түлектері еңбек етіп жүргендігін айтпай кете алмаймыз.

Жас өрендердің алдында әлі де келелі міндеттер тұр. Ол — мектеп қабырғасында жүріп білім алумен қатар еңбек тағылымын үйрену, сөйтіп он жылдықты бітіріп шыққанда қалаған мамандық бойынша жұмыс істеу, қоғамға пайда келтіру. Мал шаруашылығы — бұл бүгінгі таңда селодағы екпінді майдан. Сондықтан жергілікті мектептердің жанынан өндірістік бригадалар құрып, қоғамдық малға күтім жасау ісін қолға алу керек. Әлі де үй қоянын өсіруге көңіл бөлінбей келеді. Оқушылар бұл іспен шындап айналысқан жөн. Өйткені қоян шаруашылығы азық-түлікті молайтуға көп ықпал ететіні даусыз. Жас қолқанаттар осы міндеттен қажетті қорытындылар жасауға тиіс.

Слет мінбесінен сөйлеген Көкшетау облысы Арықбалық орта мектебі өндірістік бригадасының мүшесі Р. Алдажанова, Социалистік Еңбек Ері, Чистополь ауданы «Жар-

көл» совхозының комбайнері Л. П. Сумская, Семей облысындағы «Скворец» орман шаруашылығының мүшесі З. Әуезбаева, Шымкент облысы, Ленгер ауданындағы еңбек және демалыс лагерінің мүшесі С. Саныбаева және басқалары өз ойларын ортаға салып, жетістіктер мен кемшіліктер жайында айтты, алда тұрған міндеттерді баяндады.

15 июль. Таңертенгі сағат 9. Дала төсін қара таспадай тіліп жалтырай көсілген Қөкшетау — Атбасар бағытындағы асфальт жолымен автобустар колоннасы жеңіл зырлап келеді. Олардың қанатты жылдамдығына еркін ілескен асқақ әннің әсем сазы шалқып, көңілді шат пірімдермен тербейді. Мамандықтар бойынша өтетін конкурстарда сайысқа түсетін бұл жас өрендерді шекара сызығынан Зеренді ауданының басшы қызметкерлері, халық ағарту өкілдері, пионерлер гүл шоқтарын сыйлап, қарсы алды. Осы арада салтанатты сап түзеген оларды Зеренді аудандық партия комитетінің секретары А. С. Нигипурчик, Қөкшетау мемлекеттік тәжірибе станциясы совхоз техникумының директоры Н. Н. Скрипкин, Шағалалы орта мектебінің директоры П. А. Терехов құттықтады. Зеренділіктердің ықыласты пейілін барша құрбылары атынан Орал қаласындағы № 2 орта мектептің оқушысы, бағбан Оля Тимошенко алғыс айтты.

Міне, автобустар тағы зырлап келеді. Енді бір сәтке малшы, егінші және бағбан мамандықтары бойынша сайысқа түсетін оқушылар Шағалалы селосына бұрылды, ал жер жыртушылардың баратын соңғы нүктесі «Зеренді» совхозының егістік таңатары еді. Жер жыртушылар сайысы слет конкурстары ішіндегі ең қиыны әрі ең күрделісі. Себебі, ені 21, ұзындығы 50 метрлік аянда балалар тап-тұйнақтай таза жұмыс атқаруы керек. Жыртандының біркелкі тегістігі, қалыпты тереңдігі боросының түтуіне дейін ескеріліп, тиісті шарттардың мұлтіксіз орындалуына қатаң талап қойылды. Толқулы сөйлемдерін жасырған алмаған балалар жүректері лүпіл қағып бас төреші, Қөкшетау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженері В. А. Шевченконың алдынан жеребе тартып жатты. Жарыс жолына 25 өрен шығатын болды. Олардың 19 ер, 6 қыз балалар еді. Сайысқа түскен әрбір жас тракторшының жұмысын екі-екіден бөлінген төрешілер сарапқа салды. Бұл әділ қазылық жұмысты Зеренді ауданының барлық совхоздарынан жиналған бас агрономдар мен бас инженерлер асқан мұқияттылықпен атқарғанын атап өткеніміз орынды.

Жер жыртуға соқа тіркеген «ДТ-75» тракторларымен алғашқы кезекте шығатын 11 оқушы да іріктелді. Сонғы нұсқаулар да айтылды. Өрендер машиналарға жылдам от алдырып, өздері жұмыс істейтін шағын учаскелердің жанына әкелді. Соқа тетіктерінің дұрыс реттеліп қойылуы да мұқият тексерістен өткізілді. Әзірліктері ойдағыдай болған төрешілер жалаушаларын сермеп белгі беріп жатыр — «Бастандар!».

Бір сәтте № 8 учаскедегі жас тракторшы өзіне тиесілі жерді жыртып болып қалды. Көпшіліктің назары да осы учаскеге ауа қалыпты. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты қызметкері Г. И. Кекух та «Иә, мінсіз жұмыс деп айтуға боларлықтай екен» деп ой түйіп, сүйсініп тұр. Жыртылған жердің тереңдігі, бетінің тегістігі, тартылған жолдың түзулігі тағы басқа көрсеткіштер бойынша тиісті балдарын қойған төрешілер толтырған арнайы қағазды конкурс штабына тапсырды.

Біз «жұрт назары ауған осы учаскеде жұмыс істеген бала жүлделі орынның біреуін немденіп қалар-ау» деген оймен, шептегі төреші агроном Ө. Уәйісовтен өз пікірін айтып беруін өтіндік. «Менің бір сүйсінген жерім, — деді ол кісі, — оқушы аспай-саспай сабырлы қимылдайды екен, құдды кәдімгі кәнігі тракторшылар сияқты. Тіпті кабинаға мініп, түскендегі, соқаның реттегішін тексергендегі қозғалысы, оның трактормен жалпы ауыл шаруашылық техникасымен етене таныс екендігін аңғартады. Ал жұмыстың сапасына келсек, «өте жақсы» деп екі-ақ сөзбен түюге болады».

Тағы бір топ оқушы жер жыртып жүр. Сүйінішке де, күйінішке де бөленген сәттер аз емес. Танертең ғана тыптыныш жатқан алқапта еңбек күйі, жастықтың жігерлі шеру сазы шертілді. Біз кеудесінде «8» деген рет саны бар ұзын бойлы, талдырмаш денелі оқушыны тауып алдық.

— Аты-жөнін кім? Қай мектептен, қай облыстансың?

— Владимир Рыбак, Арықбалық ауданындағы Константинов орта мектебінен.

— Володя, папаң кім болып істейді?

— Механизатор.

— Мектеп бітірген соң кім болғың келеді?

— Кім болушы ем, өзіміздің совхозда механизатор боламын.

Бұл кезде МТЗ-50 «Беларустарында» сайысқа түскен жеті оқушы да тракторларын тоқтатты. Төрешілер алқасы жеңімпаздарды анықтау үшін штаб шатырына кірді.

Ер балалар арасында шынында да В. Рыбакқа жететін

ешкім болмады. Жеңіс тұғырының екінші сатысына Қостанай облысы, Комсомол ауданының өкілі Н. Ваченко көтерілді. Үшінші орынды Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданынан келген жас тракторшы Е. Мырзахметов еншіледі.

Қыздар арасындағы бәсеке де тартысты өтті. Тіпті төрешілер «қыздардың өзі ер балалардан да артық өнер көрсетті» деп айтқандарын бірнеше рет құлағымыз шалды. Бұл орынды әзілде әжептәуір шындық та бар еді. Құйтақандай ғана нәзік қыздар батпан-батпан қуаты бар алып тракторларды ұршықша үйіргенде, қалай сүйсінбессін. Сонымен, мұнда Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы Ораз Жандосов атындағы мектептің оқушысы Н. Олейникова жеңімпаз атанды. Екінші, үшінші орынды Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданынан келген Л. Королева мен Зеренді орта мектебінің оқушысы О. Қляйн бөлісті.

Кешкі сағат 4. Біз Шағалалыға келгенде мұндағы жолдастар конкурстардың қорытындыларын енді жариялайын деп жатыр екен. Конкурс, оқушылардың практикалық және теориялық білімі сарапқа салынып, екі бағытта жүргізіліпті. Біз жалма-жан қойын дәптерімізді алып, жеңімпаздардың есімдерін жаза бастадық.

Жас малшылар арасындағы конкурста мүйізді ірі қараларды бағып-күту бойынша мыналар жеңімпаз атанды: 1-орын — А. Игнатьева, Зеренді ауданы, Шағалалы орта мектебі; 2-орын — Р. Рузиева, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы; 3-орын — Г. Доля, Көкшетау ауданы, Еленовка орта мектебі.

Жас шопандар арасында: 1-орын — Е. Қиззатов, Көкшетау ауданындағы Сәкен Сейфуллин атындағы совхоз; 2-орын — Б. Қозыбаев, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы; 3-орын — С. Нарынбаева, Қарағанды облысы, Нұра ауданы; жас қоян өсірушілер арасында: 1-орын — В. Капилица, Шығыс Қазақстан облысы, Таврия ауданы; 2-орын — Л. Нягина, Қостанай облысы, Қостанай ауданы; 3-орын — М. Хамзина, Жезқазған облысы, Ақадыр орта мектебі.

Егіншілер арасындағы конкурста: екі бірінші орын — В. Кравченко, Арықбалық ауданындағы Имантау орта мектебі; К. Оразалиева, Алматы облысы, Қаскелен ауданы; 2-орын — Н. Бурматов, Рузаев ауданындағы Андреев орта мектебі; 3-орын — Н. Мусина, Солтүстік Қазақстан облысындағы Бескөл орта мектебі.

Бағбандар арасындағы конкурс: 1-орын — Г. Заяц, Зеренді ауданындағы Шағалалы орта мектебі; 2-орын —

А. Посашков — Солтүстік Қазақстан облысы, Совет ауданы; 3-орын — А. Бортыкаева, Алматы облысы, Қаскелеп ауданы.

Жас көкөніс өсірушілер арасындағы конкурс: 1-орын— И. Строщенко, Көкшетау ауданындағы № 2 Краснояр орта мектебі. Конкурстың бұл түрінде Алматы облысындағы Қаскелеп ауданының өкілдері Ш. Жанақова мен Л. Аleshина екінші-үшінші орындарды бөлісті.

Сөйтіп, тартысты, бәсекелі, қызығы мен қиыншылығы мол болып өткен ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша республикалық слет конкурстары болашақтан көп үміт күттіріп, жақсы нәтижелермен аяқталды. Лайықтылар ғана жеңімпаз атанды.

Сөз соңы

Ленин орденді Көкшетау облысының астықты алқаптары, жазғы жайылымдары, құрылыс алаңдары, бау-бақша алқаптары, көгілдір көлдер жағалаулары, жасыл желекті орманды өңірлері жас балғындардың күміс күлкісі, шатшадыманға толы асқақ әндерімен жарасым тапқандай. Бұлар бесінші еңбек тоқсанын туған өлкенің халық шаруашылығы саласында өткізуге ниет білдірген мектеп оқушыларының өкілдері. Қазіргі күнде облыстың қай аудан, қай мектебіне барсаңыз да октябрияттардан бастап, комсомолға дейінгі аралықтағы шәкірттердің қарбалас еңбегінің күзесі болар едіңіз. Оларды бір мақсат, бір арман тоғыстырған. Туған халқына, сүйікті Отанына өздерінің жастық жігерге толы еңбектерін арнауға құлшынған бүгінгі ұрпақ әкелері мен ағаларының, аналары мен апаларының сонау алғашқы бесжылдықтарда туған ерлік еңбек эстафетасын одан әрі жалғастыруда. Біздер сол үшін де еңбекпен есейіп, еңбекпен өз болашақтарына батыл қадам басқан Көкшетау қарлығаштарына қашан да биік самғау тілейміз. Еңбек жолындағы ізденістерің, табыстарың ел игілігіне арналсын, бүгінгі жас буын — келешектің жасампаз өкілдері!

М а з м ұ н ы

Алғашқы баспалдақтар.	3
Өркенді істердің өрісті жалғасы.	19
Ізденіс іздері, игілікті нәтижелер.	29
Республикалық слет әсерлері.	40